2) жүктілігі және босануы, бала күтімі жөніндегі демалыстан шыққаннан кейін, оның ішінде жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлер үшін ол үш жасқа толғанға дейін;

3) білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден (орталықтардан), педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарынан, біліктілікті арттыру институттарынан білім беру ұйымдарына ауысқан тұлғаларға;

4) педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шет елдерден келген тұлғаларға беріледі;

5) егер педагогтің біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір жыл қалса, ал педагог Қазақстан Республикасының ішінде басқа білім беру ұйымына ауысса.

60. Жасы зейнеткерлікке төрт жылдан аз қалған педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады. Тағайындалған біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастыратын зейнеткерлік жастағы педагогтер осы Қағиданың 54-тармағына сәйкес аттестаттау рәсімінен өтеді.

61. Педагогтерге біліктілік санатын беру білімі туралы дипломда немесе педагогикалық қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандыққа (біліктілікке) сәйкес немесе (бірінші басшылар, басшылардың орынбасарлары, бөлім басшылары (меңгерушілер), білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, арнайы педагогтер, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтері үшін) атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік беріле отырып жүзеге асырылады.

62. Білімі туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген пәндерді оқыту кезінде біліктілік санатын беру негізгі лауазым бойынша жүргізіледі.

Негізгі лауазым бойынша берілген біліктілік санаты білімі туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген оқытылатын пәндерге де қолданылады.

63. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (оқу-өндірістік комбинаттары) педагогтеріне кезекті біліктілік санатын беру (растауды) оқытатын бейіні немесе атқаратын лауазымына сәйкес өтеді.

"Педагог (оқытушы)" лауазымы бойынша берілген біліктілік санаты "бөлімше меңгерушісі", "өндірістік оқыту шебері", "аға шебер" лауазымдарына қоса атқару немесе қоса атқару шарттарында педагогикалық қызмет ауысқан немесе жүзеге асырылған кезде сақталады.

"Бөлімше меңгерушісі", "өндірістік оқыту шебері", "аға шебер" лауазымдары бойынша берілген біліктілік санаты "педагог (оқытушы)" лауазымына ауысқан және қоса атқару немесе қоса атқару шарттарында педагогикалық қызметті жүзеге асырған кезде сақталады (таратылады).

64. "Көркем еңбек", "Еңбекке баулу" пәні бойынша сабақ беретін педагогтер "Технология", "Бейнелеу өнері", "Сызу" мамандықтары бойынша; "Графика және жобалау" пәні бойынша – "Бейнелеу өнері", "Сызу", "Информатика" мамандықтары бойынша дипломмен аттестаттаудан өтеді, сондай-ақ бұрын берілген біліктілік санатына сәйкес кәсіптік оқуы ескеріледі.

65. Педагог жоғары оқу орындарында немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды кәсіптік даярлау жүзеге асырылмайтын пәндерді оқытқан жағдайда оның бұрын алған санаты сақталады. Кезекті біліктілік санатын беру біліктілікті арттыру туралы құжаты болған жағдайда жалпы негізде жүзеге асырылады.

66. Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына немесе әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымға ауысқан кезде немесе

педагогикалық қызметті қоса атқару немесе қосымша атқару шарттарында жүзеге асырған кезде немесе педагогтің қызмет бейініне сәйкес білім беру ұйымында педагогті басқа лауазымға тағайындаған кезде қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданыстағы біліктілік санаты сақталады.

4-параграф. Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібі

67. Қызметтің тиісті нәтижелері болған кезде кезекті аттестаттаудан кейін кемінде 2 (екі) жыл өткен соң біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге жол беріледі.

1) "педагог-сарапшы" - педагог кемінде төрт талапқа сәйкес болуы тиіс:

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлердегі кәсіптік шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған педагогтер;

аудандық/қалалық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған;

облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) педагогтер үшін іс-шаралар өткізуге қатысады;

C1 (CEFR) деңгейінде ағылшын тілін меңгерген және пәндерді ағылшын тілінде оқытатын адамдар;

бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері болып табылатын адамдар;

бейіні бойынша жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері.

2) "педагог-зерттеуші" - педагог кемінде бес талапқа сәйкес болуы тиіс:

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;

Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің немесе бағдарламаның немесе әдістемелік материалдардың авторы болып табылады;

білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесте облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

облыстық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD ғылыми докторы дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар.

3) "педагог-шебер" - педагог кемінде алты талапқа сәйкес болуы тиіс:

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған;

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпазы немесе жүлдегері болып табылады;

Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің немесе бағдарламаның немесе әдістемелік материалдардың авторы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті органның жанындағы оқу-әдістемелік кеңесте республикалық деңгейде тәжірибені таратады;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы дәрежесі және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар;

Қазақстан Республикасының "Үздік педагогі" атағына ие болған адамдар.

Комиссия "мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді" деген шешім қабылдаған кезде мерзімінен бұрын аттестаттау кезінде қолданыстағы біліктілік санаты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

5-параграф. Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын, басшы орынбасарларын аттестаттаудан өткізу тәртібі

68. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысының біліктілік санаты үш жылға, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинет (орталық) басшысы орынбасарларының біліктілік санаты бес жылға жарамды.

Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталық) бірінші басшысы, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін алты ай бұрын осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

69. Тиісті деңгейдегі аттестаттау органының персоналды басқару қызметі жыл сайын қыркүйектің бірінші онкүндігінде аттестатталатын білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылардың, басшы орынбасарларының алдағы күнтізбелік жылға тізбесін айқындайды және сәйкес деңгейдегі Комиссияға жібереді.

70. Бастапқы аттестаттау рәсіміне қатысатын білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары ПББ нәтижелеріне және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауға сәйкес кезектілікті сақтамай біліктілік санатын беруге өтініш беруге құқылы. Кейінгі аттестаттау бірізділік принципіне сәйкес жүргізіледі.

71. Комиссия білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде аттестаттауды өткізу кестесіне сәйкес қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізеді.

72. Комиссия мүшелері осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нұсқаулық бойынша білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) бірінші басшыларының, басшы орынбасарларының материалдарын (портфолио) бағалау парақтарын толтырады, осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес аттестатталушының қызметінің нәтижелерін таныстырумен әңгімелесу өткізеді.

Портфолионы қарау кезінде аудио немесе бейнежазба жүргізіледі, ол аттестаттаушы органда кемінде бір жыл сақталады.

73. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшыларын, басшылардың орынбасарларын кезекті аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді;

қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді;

мәлімделген біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді;

біліктілік санатына сәйкес келмейді (қайта аттестаттауға жатады).

Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен рәсімделеді.

74. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, басшының орынбасары осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келесі біліктілік санатын беруге тиісті деңгейдегі комиссияға қызмет нәтижелерінің мәлімделген біліктілік санатына сәйкес екі жыл ішінде үздіксіз қол жеткізу негізінде мерзімінен бұрын өтініш беруге құқылы.

"Мәлімделетін біліктілік санатына сәйкес келмейді" шешімін қабылдаған кезде Комиссия үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені педагогке жолдайды. Бұл ретте қолданыстағы біліктілік санаты сақталады.

75. "Басшы-ұйымдастырушы" біліктілік санаты "үшінші санаттағы басшы" біліктілік санатына; "басшы-менеджер" біліктілік санаты "екінші санаттағы басшы" біліктілік санатына; "басшы-көшбасшы" біліктілік санаты "бірінші санаттағы басшы" біліктілік санатына теңестіріледі.

76. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, басшының орынбасары бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысқан кезде қолданыстағы біліктілік санаты басшы, басшының орынбасары лауазымындағы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Бірінші басшы білім беру ұйымы басшысының орынбасары лауазымына және керісінше ауысқан кезде басшының (басшының орынбасарының) қолданыстағы біліктілік санаты келесідей лауазымдар бойынша біліктілік санаттары шеңберінде оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады:

"бірінші санатты басшы" - "бірінші санаттағы басшының орынбасары";
"екінші санаттағы басшы" - "екінші санаттағы басшының орынбасары";
"үшінші санаттағы басшы" - "үшінші санаттағы басшының орынбасары".

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
1-қосымша
Нысан

(тестілеуді өткізу жөніндегі
ұйымның басшысына)

Педагогтің білімін бағалаудан өтуге өтініш

Мен, _____,
(педагогтің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
ЖСН _____

(диплом бойынша мамандық) мені 20__ жылы педагогтің білімін бағалаудан (ПББ) өтуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қазіргі уақытта__жылғы__ айының __күніне дейін жарамды біліктілік санатым бар/немесе жоқ

Тестілеуді тапсыру тілі (керегінің астын сызу керек): қазақша/орысша.

Жұмыс орны:

(білім беру ұйымының атауы, лауазымы)

ПББ рәсіміне қатыса отырып, дербес деректерді өңдеуге өз келісімімді беремін.

ПББ (тестілеу) өткізілетін ғимаратта тыйым салынған заттарды пайдалануға әрекет жасағаны үшін жауапкершілік туралы хабардар етілдім.

Тыйым салынған зат табылған кезде ережелерді бұзу актісі жасалып, нәтижелері жойылатыны, педагог аудиториядан шығарылатыны, бір жыл мерзімге ПББ рәсімінен өту құқығынан айырылатыны, бұзушылық қайталанған жағдайда педагог, бөлім басшысы (меңгерушісі), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары бес жыл мерзімге, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы (басшысының орынбасары) – үш жылға жіберілмейтіні туралы хабарланды.

ПББ рәсімін өткізу талаптарын бұзу фактілері, сондай-ақ рәсімнің бейнежазбасын қарау кезінде анықталған қағидаларды бұзу фактілері анықталған кезде, тапсыру мерзіміне қарамастан, қағидаларды бұзу актісі жасалып, нәтижелердің күші жойылатыны хабарланды.

ПББ өткізу талаптарын бұзу актісімен танысуға және оған қол қоюға міндетті екендігі туралы хабардар етілді.

Тыйым салынған заттар: сыртқы байланысты немесе деректерді сақтауды және іздеуді қамтамасыз ететін кез келген электрондық құрылғылар; шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер; калькулятор және түзету сұйықтығы.

"__" "__" 20__ жыл
____ (қолы)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
2-қосымша

Мектепке дейінгі ұйымдардың және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтері үшін ПББ балдарын бөлу

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Білім беру (ба)
Педагог	"Мектепке дейінгі педагогика және психология"	20	50%	25
	"Бейін бойынша тәрбиелеу және оқыту әдістемесі"	30		
Педагог - модератор	"Мектепке дейінгі педагогика және психология"	20	60%	30
	"Бейін бойынша тәрбиелеу және оқыту әдістемесі"	30		
Педагог - сарапшы	"Мектепке дейінгі педагогика және психология"	20	70%	35
	"Бейін бойынша тәрбиелеу және оқыту әдістемесі"	30		
Педагог - зерттеуші	"Мектепке дейінгі педагогика және психология"	20	80%	40
	"Бейін бойынша тәрбиелеу және оқыту әдістемесі"	30		
Педагог - шебер	"Мектепке дейінгі педагогика және психология"	20	90%	45
	"Бейін бойынша тәрбиелеу және оқыту әдістемесі"	30		

Бастауыш білім беру, негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері үшін:

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Білім беру (ба)
Педагог	"Пәндік білім"	30	50%	25
	"Оқыту әдістемесі"	20		
Педагог - модератор	"Пәндік білім"	30	60%	30
	"Оқыту әдістемесі"	20		
Педагог - сарапшы	"Пәндік білім"	30	70%	35
	"Оқыту әдістемесі"	20		
Педагог - зерттеуші	"Пәндік білім"	30	80%	40
	"Оқыту әдістемесі"	20		
Педагог - шебер	"Пәндік білім"	30	90%	45
	"Оқыту әдістемесі"	20		

Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Білім беру (ба)
Педагог	"Педагогика негіздері"	30	50%	25
	"Психология негіздері"	20		
Педагог - модератор	"Педагогика негіздері"	30	60%	30
	"Психология негіздері"	20		
Педагог - сарапшы	"Педагогика негіздері"	30	70%	35
	"Психология негіздері"	20		
Педагог - зерттеуші	"Педагогика негіздері"	30	80%	40

	"Психология негіздері"	20		
Педагог – шебер	"Педагогика негіздері"	30	90%	45
	"Психология негіздері"	20		

Арнайы ұйымдардың, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, педагог-ассистенттер, әлеуметтік педагогтер, тәлімгерлер, кәсіптік бағдар берушілер үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (бал)
Педагог	"Педагогика негіздері"	30	50%	25
	"Психология негіздері"	20		
Педагог - модератор	"Педагогика негіздері"	30	60%	30
	"Психология негіздері"	20		
Педагог - сарапшы	"Педагогика негіздері"	30	70%	35
	"Психология негіздері"	20		
Педагог - зерттеуші	"Педагогика негіздері"	30	80%	40
	"Психология негіздері"	20		
Педагог - шебер	"Педагогика негіздері"	30	90%	45
	"Психология негіздері"	20		

Арнайы білім беру ұйымдарының және білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін:

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (бал)
Педагог	Бейін бойынша пәндік білім: 1) "Сурдопедагогика" (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 2) "Тифлопедагогика" (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 3) "Логопедия" (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 4) "Дефектология (олигофренопедагогика)" (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін).	30	50%	25
	Арнайы педагогика және	20		

	психология			
Педагог - модератор	Бейін бойынша пәндік білім: 1) "Сурдопедагогика" (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 2) "Тифлопедагогика" (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 3) "Логопедия" (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 4) "Дефектология (олигофренопедагогика)" (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін).	30	60%	30
	Арнайы педагогика және психология	20		
Педагог - сарапшы	Бейін бойынша пәндік білім: 1) "Сурдопедагогика" (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 2) "Тифлопедагогика" (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 3) "Логопедия" (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 4) "Дефектология (олигофренопедагогика)" (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін).	30	70%	35

	Арнайы педагогика және психология	20		
Педагог -зерттеуші	Бейін бойынша пәндік білім: 1) "Сурдопедагогика" (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 2) "Тифлопедагогика" (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 3) "Логопедия" (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 4) "Дефектология (олигофренопедагогика)" (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін).	30	80%	40
	Арнайы педагогика және психология	20		
Педагог - шебер	Бейін бойынша пәндік білім: 1) "Сурдопедагогика" (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 2) "Тифлопедагогика" (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 3) "Логопедия" (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін); 4) "Дефектология (олигофренопедагогика)" (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін	30	90%	45

	арнайы педагогтер үшін).			
	Арнайы педагогика және психология	20		

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (оқу-өндірістік комбинаттар) педагогтері үшін (жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, әдіскерлер, өндірістік оқыту шеберлері):

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балл)
Педагог	Пәндік білім	30	50%	25
	Оқыту әдістемесі	20		
Педагог - модератор	Пәндік білім	30	60%	30
	Оқыту әдістемесі	20		
Педагог - сарапшы	Пәндік білім	30	70%	35
	Оқыту әдістемесі	20		
Педагог - зерттеуші	Пәндік білім	30	80%	40
	Оқыту әдістемесі	20		
Педагог - шебер	Пәндік білім	30	90%	45
	Оқыту әдістемесі	20		

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өзге де лауазымдарының педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Біліктілік тестінен өту үшін (балл)
Педагог	"Педагогика негіздері"	30	50%	25
	"Психология негіздері"	20		
Педагог - модератор	"Педагогика негіздері"	30	60%	30
	"Психология негіздері"	20		
Педагог - сарапшы	"Педагогика негіздері"	30	70%	35
	"Психология негіздері"	20		
Педагог - зерттеуші	"Педагогика негіздері"	30	80%	40
	"Психология негіздері"	20		
Педагог - шебер	"Педагогика негіздері"	30	90%	45
	"Психология негіздері"	20		

Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін

Санаттар	Блок		Пән бойынша балдар		Біліктілік тестінен өту үшін (%)
Педагог	Оқыту әдістемесі, ҚР заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді білу	Оқыту әдістемесі	20	50	50%
Педагог - модератор		"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	12		60%
Педагог - сарапшы					70%

Педагог - зерттеуші	"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	6	80%
Педагог - шебер	"Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	12	90%

Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар		Біліктілік тесті өту үшін (%)
Кезекті біліктілік санатын беру	ҚР заңнама-сын және норматив-тік құқықтық актілерді білу	Қазақстан Республикасы-ның Еңбек кодексі	10	60
		Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекс	10	
		"Білім туралы" Қазақстан Республикасы-ның Заңы	10	
		"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы-ның Заңы	5	
		"Қазақстан Республикасын-дағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасы-ның Заңы	10	
		"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту	5	
				70%

		Министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы		
		"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы-ның Заңы	10	

Қосымша білім беру ұйымдарының бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін

Санаттар	Блок		Пән бойынша балдар		Біліктілік тест өту үшін (%)
Кезекті білікті-лік санатын беру	ҚР заңнама-сын және норматив-тік құқықтық актілерді білу	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі	12	60	70%
		Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекс	10		
		"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	12		
		"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	6		
		"Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	10		
		"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	10		

Педагогтерді а
өткізу қағид
шарттар
3-қос

Нысан

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттарын бұзу актісі

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының тармағы

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " ____ сағ. ____ мин.

бұл туралы акт жасалды.

Педагог

(Т.А.Ә. (бар болса)

ЖСН ____

Жұмыс орны ____

Аудитория № ____, орын № ____, ПББ кезінде аудиториядағы тәртіп ережелерін бұзды:

бұзушылық фактісінің сипаттамасы

Осы факт негізінде материал алынды /педагог аудиториядан шығарылды/ПББ нәтижелері жойылды.

Аудитория бойынша кезекші ____

(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)

ПББ жүргізуге жауапты ____

(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)

Бақылаушы ____

(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)

Актімен

таныстым

(Т.А.Ә. (бар болса) педагог қолы)

Күні: ____

Мөр орны

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
4-қосымша
Нысан

Педагогтердің білімін бағалаудан өткені туралы сертификат

педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)

" ____ " ____ 20 ____ ж., ____ біліктілік санатына ____

қаласындағы ПББ қатысты.

ПББ келесі нәтижесін көрсетті:

1) өтінім берілген біліктілік санатына бал жинады: "педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" (керегінің астын сызу керек)/

(ПББ-дан өтті),

2) біліктілік санатына төмен деңгейде балл жинады: "педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші"

(керегінің асты сызылсын).

3) ПББ өтпеді.

ПББ нәтижесі

№	Модульдің атауы	Тест тапсырмаларының саны	Максималды балл саны	Ж
Барлығы				

Ескертпе:

Апелляцияға берген педагогтердің жеке кабинетіне апелляцияны ескере отырып, ПББ өткені туралы анықтама жіберіледі. Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына өтініш берген кезде апелляция нәтижесімен берілген сертификат ескеріледі.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
5-қосымша

**Біліктілік санатын беру (растау) туралы
КУӘЛІК**

Осы

куәлік

(Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)

20__ " __ " _____ Біліктілік санаттарын беру (растау) бойынша аттестаттау комиссиясының шешіміне сәйкес

(білім беру ұйымының немесе білім басқармасы органының толық атауы)

20__ жылғы " __ " _____ № бұйрығымен _____ біліктілік санаты
_____ лауазымы бойынша берілді (расталды).

(лауазымның атауы)

Осы куәлік 20__ жылғы " __ " _____ дейін жарамды.

Білім беру ұйымының/білім беруді басқару органының басшысы

(ТАӘ (болған жағдайда), қолы)

Басып шығару орны

Тіркеу нөмірі _____

Берілген күні "___" _____ 20___ жыл

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
б-қосымша

**Педагогтің/бөлім басшысының (менгерушісінің) және әдістемелік кабинеті (орталық)
әдіскерінің біліктілік санатын беруге (растауға) арналған комиссия отырысының хаттамасы**

20___ жылғы "___" _____

Комиссия төрағасы

Комиссия мүшелері:

1. _____
2. _____

**Біліктілік санатын беру (растау) кезеңдерінің қорытындысы бойынша комиссияның
шешімі**

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Кезекті мерзімінен бұрын педагогтер үшін	/	Біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санат

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Кезекті/ мерзімінен бұрын педагогтер үшін	Біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санаты	Берілген біліктілік

Қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Кезекті мерзімінен бұрын педагогтер үшін	/	Біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санат

Қолданыстағы біліктілік санатынан төмен санатқа сәйкес келеді

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Кезекті мерзімінен бұрын педагогтер үшін	Біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санат

Комиссия төрағасы

_____ (қолы)

Комиссия мүшелері

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы: _____ (қолы)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
7-қосымша

20 ____ жылғы " ____ " _____

(комиссияның толық атауын көрсету)

Аттестаттау комиссиясы отырысының № ____ хаттамасынан үзінді

Біліктілік санатын беру (растау) кезеңдерінің қорытындысы бойынша
комиссия ШЕШІМІ

— *аттестатталушы педагогтің тегі, аты, әжесінің аты (бар болса)*

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді)

— *біліктілік санаты*

Біліктілік санатына сәйкес келеді

Комиссия хатшысы _____

қолы

Т.А.Ә.

(бар болған жағдайда)

Педагогтерді аттестаттаудан

Нысан

"Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі

"Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі		
1	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бөлімдері, білім беру ұйымдары
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) "электрондық үкіметтің" egov.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: 1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген кезде – 20 минут; 2) портал арқылы – 1 (бір) жұмыс күні. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған), қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) үшін өтінішті қабылдау туралы қолхат беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту. Портал арқылы жүгінген кезде құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама не қызмет берушінің ЭЦҚ қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту өтініш берушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.
6	ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері	Жеке тұлғаларға тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілген қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. көрсетілген қызмет берушіде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзілісті қоспағанда сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі; 2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады)
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізімі	1) өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру

		үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) білім туралы диплом; 4) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат; 6) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат; 7) ПББ өткендігі туралы сертификат; 8) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін); 9) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар; 10) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар. 11) Эссе (250–300 сөз)
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған; 2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің талаптарға сәйкес келмеуі; 3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz. Қызмет берушінің ЭЦҚ, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777, болған жағдайда порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz.

Педагогті, бөлім басшысын (меңгерушісін), әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерін
аттестаттау рәсіміне қатысуға өтініш

(Т.А.Ә. (бар болса))

ЖСН

Лауазымы, жұмыс орны, электрондық пошта

20 ____ жылы

лауазымы (мамандығы)

атқаратын лауазымына сәйкестігіне/сәйкессіздігіне, біліктілік санатты
беру/ растау аттестаттау рәсіміне қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қазіргі уақытта менің ____ (күні) ____ (айы) ____ жылға дейін
жарамды

біліктілік санатым бар.

Білім беру ұйымының

атауы

Біліктілік санатын беру (растау) тәртібімен таныстым.

" ____ " ____ 20 ____ жыл (қолы)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
10-қосымша

Нысан

қызмет алушының Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға
өтініш қабылданды.

Осы хабарлама "___" _____ 20___ жылы жіберілді.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
11-қосымша

Нысан

қызмет алушының Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға
өтініш

_____,
атап айтқанда */жоқ немесе сәйкес келмейтін құжаттардың атауын
көрсету/*:

- 1) _____;
 - 2) _____;
 - 3) _____ байланысты қабылданбады.
- Осы хабарлама "___" _____ 20___ жылы жіберілді.

Нысан

қызмет алушының Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтердің
құжаттарын қабылдау туралы қолхат

(көрсетілетін қызмет берушінің немесе веб-порталдың атауы)

(мекенжайы)

(көрсетілетін қызмет алушының Т. А. Ә (бар болған жағдайда)
көрсету)

(білім беру ұйымының атауы)

Педагогтерді аттестаттауға қатысу үшін қабылданған құжаттардың
тізбесі:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____

" ____ " _____ 20 ____ жыл

Алды:

/қызмет алушының Т. А. Ә, (бар болса)

" ____ " _____ 20 ____ жыл _____ /қолы/

Нысан

қызмет алушының
Т.А.Ә. (бар болса)

Аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтердің
құжаттарын қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

(көрсетілетін қызмет берушінің немесе веб-порталдың атауы)

(мекенжайы)

аттестаттауға қатысу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
көрсету)

(білім беру ұйымының атауы)

құжаттардың болмауына / сәйкес келмеуіне байланысты, атап айтқанда:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____.

" ____ " _____ 20 ____ ж.

Алды:

/ Көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
" ____ " _____ 20 ____ ж. _____ /қолы/

Портфолионы қабылдау-тапсыру актісі

20__ жылғы "___" _____

Біз, төменде қол қойғандар, Сараптамалық кеңестің Төрағасы

(тиісті деңгей) (Т. А. Ә. (бар болса) көрсету)

бір жағынан және Комиссия төрағасы _____

(тиісті деңгей) (Т. А. Ә. (бар болса) екінші жағынан, портфолионың
(электрондық/
қағаз форматта) берілгені және қабылданғаны туралы акт жасадық:

№	Т.А.Ә. (бар болса)	Лауазымы	Біліктілік санаты	
			Берілген	Ма

Тапсырды: _____

Комиссияның төрағасы (қолы) (Т. А. Ә. (бар болса)

Қабылдады: _____

Сараптама комиссиясының төрағасы (қолы) (Т. А. Ә. (бар болса)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
15-қосымша

Педагогтердің материалдарын (портфолионы) бағалау парағы

№	Критерийлер	Біліктілік санаты			
		Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
1	Білім беру сапасын қамтамасыз ету				
1.1	Білім сапасы (динамика)/ Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы (тәлімгерлерді ұйымдастырушы педагогтерді, АЭТД ұйымдастырушы педагогтерді,	дәлелдемелердің болуы: нәтижелерді талдау бойынша қорытындылары салыстырмалы кестелер/диагностикалық құралдарға сәйкес (білім беру ұ			
		тұрақсыз динамика 3 жыл бойы	3 жыл бойы бір деңгейде	1–2% өсу	3 және одан да % өсу

	педагог-психологтарды, педагогтарды, әлеуметтік педагогтерді, педагог-ассистенттер ді қоспағанда)				
	Түзету компонентін іске асыру қорытындылары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларда дағдылардың қалыптасу динамикасы (ПМПК қоспағанда)	40 %	50 %	60 %	70 %
	балл	1	2	3	4
1.2	Оқыту сапасы (ұйымдастыру, өткізу)	сабақты (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және бағалау парақтарының болуы (білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасары, әдістемелік кабинет (орталық) әдіскері бағалаған); тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының (сараптама кеңесінің) мүшесі (кемінде бір рет) (бақылау парағы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)			
	Бақылаулар саны (жыл сайын)	5	5	5	5
	балл	61	71	81	91 (102)
2	Жетістіктер	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың және білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)			
2.1	Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес	Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)

	конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуы <i>Ескерту1:</i> тәлімгерлер ұйымдастырушы педагогтер, АӘТД - ұйымдастырушы педагогтер, педагог-психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер үшін, білім беру ұйымдарының бөлім меңгерушілері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін - бар болса <i>Ескерту2:</i> егер жеңімпаз/жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады				
	балл	1	2	3	4 (5)
2.2	Уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға	білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)

	немесе жарыстарға қатысу <i>Ескерту 1: немесе қолданыстағы сертификаты бар біліктілікті арттыру курстарының жаттықтырушысы болып табылады – "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаттары үшін.</i> <i>Ескерту 2: егер жеңімпаз/жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады</i>				
	балл	1	2	3	4 (5)
3	Тәжірибені жинақтау және тарату				
3.1	Авторлық материалдар негізінде тәжірибені тарату ұсынылған Облыстың білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігімен республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен Балл	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) <i>(білім беру саласындағы уәкілетті органның, тиісті саланың уәкілетті ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің мөрімен жасалған)</i> іс-шара материалдарына сілтеме облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) <i>(кем дегенде 3 аудан (қаланы) қамту)</i> республикалық <i>(кем дегенде 3 облысты) қамту</i> - - 6 (1 үшін 2 ұпай) 9 (1 үшін 3 ұпай)			
3.2	Семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), бағалаушының қолымен жасалған <i>(тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі білім беру ұйымының, білім беруді басқару саласындағы уәкілетті органның мөрімен және басшының қолымен жасалған)</i> іс-шара материалдарына сілтеме			

	сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында сөз сөйлеу және т. б.	Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)
	Балл	1	2	3	4 (5)
3.3	Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде баспасөздегі жарияланым <i>Ескертпе: бірлескен авторлық жағдайда көрсеткіш бойынша 2 балл қойылады</i>	дәлелдемелердің болуы: басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме)			
	Балл	-	-	5	6
3.4	Шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға, жобаларға қатысу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (білім беруді басқару органының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)			
	Балл	1	2	3	4 (5)
3.5	Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар	дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді			
	Балл	1	2	3	4
4	Біліктілікті арттыру				
4.1	Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстары (жалпы сағат саны)	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың көшірмесі (білім беру ұйымының қолымен куәландырылады)			
	Мектепке дейінгі, қосымша және	72	72	80	108 және жоғары
	Мектепке дейінгі, қосымша және	36	36	72	80 және одан жоғары

	арнайы білім беру ұйымдары үшін, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскерлері үшін (жалпы сағат саны)				
	Балл	1	1	3	4
	барлығы	68	84	113	134 (148)
4.2	тәлімгерлер ұйымдастырушы педагогтер, АӘТД - ұйымдастырушы педагогтер, педагог-психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер, білім беру ұйымдарының бөлім меңгерушілері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері-бар болса	67	82	110	130 (144)
4.3	ПМПК педагогтері үшін	66	80	107	126
4.4	сынып жетекшілер мен кураторлар үшін	дәлелдемелердің болуы: нәтижелерді талдау бойынша қорытындылар мониторингі, салыстырмалы кестелер / диагностикалық құралдарға сәйкес мөрімен және басшының қолымен расталады)			
		3 жыл ішінде	3-8 жыл ішінде	9-15 жыл ішінде	16 жылдан астам
	Ұсыныстар: Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді) Біліктілік санатына сәйкес келеді _____				

" ____ " _____ 20 ____ ж _____

Қолы

Эксперттің (комиссия мүшесінің) толық аты-жөні

Бөлім меңгерушісінің, білім беру ұйымы әдіскерінің, әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерінің материалдарын (портфолиосын) бағалау парағы

№	Критерийлер	Біліктілік санаты
---	-------------	-------------------

		Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
1	Әдістемелік қолдаудың тиімділігі				
1.1	Сабақты (оқуды, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны) бақылау бойынша сындарлы кері байланыс беру	соңғы оқу жылындағы сабақты (оқуды, ұйымдастырылған қызметті, іс-бағалау парақтарының болуы (сабақты (оқуды, қызметті, іс – шараны, тегін және кеңес беру іс-әрекеті) бақылау бойынша кері байланыс), (бақылау парақтарының болуы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)			
	Бақылау парақтарының саны (жыл сайын)	4	5	6	7
	балл	3	3	6	9
2	Жетістіктер	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмесі (көшірмелері білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)			
2.1	Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметіне қатысу	білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық
	Балл	1	2	3	4
2.2	Уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға қатысу Ескерту1: егер жеңімпаз / жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады Ескерту2: әдістемелік кабинеттердің	Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)

	(орталықтардың) әдіскерлерін қоспағанда				
	Балл	1	2	3	4 (5)
3	Тәжірибені қорытындылау/жалпылау және тарату				
3.1	Авторлық материалдар негізінде тәжірибені тарату ұсынылған	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (білім беру саласындағы уәкілетті органның мөрімен және басшының қолымен) іс-шара материалдарына сілтеме			
	білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен (Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік кеңесімен) ("педагог-шебер")				республикалық (кемінде 3 облыс қамту)
	Облыстың білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен немесе тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігімен ("педагог-зерттеуші")			облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) ((кемінде 3 ауданды (қалаларды) қамту)	
	Балл	-	-	6 (1 үшін 2 ұпай)	9 (1 үшін 3 ұпай)
3.2	Семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарда, біліктілікті арттыру курстарында және т.б. сөз сөйлеу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), бағалау (көшірмесі) (білім беру ұйымының, білім беруді басқару органының, білім беру саласындағы уәкілетті органның мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) іс-шара материалдарына сілтеме			
		білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)

	Балл	1	2	3	4 (5)
3.3	Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі негізінде баспасөздегі жарияланым (3 автордан артық емес) Ескерту: бірлескен авторлық жағдайда көрсеткіш бойынша 2 балл қойылады	дәлелдемелердің болуы: басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме)			
				Балаларды ерте дамыту институтында, ҚР ОАМ РҚББОӨО, Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының басылымында	ҚР РҚББОӨО, ЖБССҚЕК ұсынған басылымда
	Балл	-	-	5	6
3.4	Жұмыс/ шығармашылық топтарға немесе сараптамалық кеңестерге немесе конкурстық комиссияларға қатысу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (тиісті органының білім беру ұйымдары үшін білім беру ұйымының, білім беруді басқару саласындағы уәкілетті органның немесе республикалық оқу-әдістемелік және басшының қолымен куәландырылады)			
	Балл	1	2	3	4 (5)
3.5	Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар	дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді			
		білім беру ұйымының әдістемелік кеңесімен	ауданның/ қаланың бөлімінің әдістемелік кеңесімен	білім беру ұйымының әдістемелік кеңесімен, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігімен	білім саласындағы уәкілетті жанындағы Республикалық әдістемелік кеңесімен
	Балл	1	2	3	4
4	Біліктілікті арттыру				
4.1	Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың көшірмесі (білім беру ұйымының қолымен куәландырылады)			
		72	72	80	108 және жоғары

	курстары(жалпы сағат саны)				
	Ескерту: мектепке дейінгі, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары үшін, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскерлері үшін(жалпы сағат саны)	36	36	72	80 және жоғары
Балл		2	2	3	4
Барлығы		10	15	35	48 (51)
Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін	9		13	32	44 (46)
Ұсыныстар:					
Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді)					
Біліктілік санатына сәйкес келеді _____					

" " _____ 20 _____ ж

Қолы

Сараптамалық кеңестің (комиссия мүшесінің) толық аты-жөні

Портфолионы бағалау парағына түсініктеме

Біліктілік санатын беруге (растауға) аттестаттау кезінде педагог материалдары мәлімделген біліктілік санатына қойылатын талаптарға сәйкес тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді көрсетуі тиіс.

1. "Білім беру сапасын қамтамасыз етудің тиімділігі" өлшемшарттары бойынша балл қою кезінде мыналарды ескеру қажет:

- білім сапасының динамикасы, соңғы 3 жылдағы білім беру бағдарламасын игеру;

5) апелляция – осы Қағидаларға сәйкес ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы педагогтің өтініші бойынша жүзеге асырылатын педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау рәсімі;

6) апелляциялық комиссия – білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын, педагогтердің білімін бағалау нәтижелерін қайта қарау қорытындылары бойынша шешім қабылдайтын комиссия;

7) біліктілікті бағалау – білім беру ұйымдарының педагог материалдарының (портфолио) біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін қарауы;

8) біліктілік санаты – "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген кәсіптік стандартына (бұдан әрі – Кәсіптік стандарт) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31149 болып тіркелген) және "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген біліктілік талаптарына (бұдан әрі – біліктілік сипаттамалары) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) сәйкес педагогтің кәсіби құзыреттілік деңгейі;

9) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау – педагог қызметінің дәлелдері мен жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі;

10) педагогтің білімін бағалау (бұдан әрі - ПББ) – осы Қағидаларға сәйкес педагогтің білім деңгейін анықтау мақсатында өткізілетін тестілеу рәсімі;

11) педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы (ақпараттандыру объектісі) – педагогтің кәсіби қызметі туралы деректерді жинауды және өндеуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе (бұдан әрі – Платформа).

12) Сараптамалық кеңес – қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау рәсімін жүргізетін алқалы орган.

3. Педагогтерді, әдіскерлерді, білім беру ұйымдары мен әдістемелік кабинеттер (орталықтар) басшыларының орынбасарларын аттестаттау "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағы 3) тармақшасына сәйкес бес жылда бір реттен сиретпей өткізіледі.

Білім беру ұйымдарының бірінші басшылары "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 5-тармағына сәйкес үш жылда бір рет аттестаттаудан өтеді.

2-тарау. Аттестаттауды өткізу тәртібі

4. Аттестаттауға жіберу үшін білім беру ұйымы педагогтердің, әдіскерлердің, білім беру ұйымдары мен әдістемелік кабинеттер (орталықтар) бірінші басшылардың, басшы орынбасарларының біліктілік бағалауын портфолионы қарау арқылы жүргізеді.

Педагогтер, әдіскерлер, білім беру ұйымдары мен әдістемелік кабинеттер (орталықтар) бірінші басшылары, басшы орынбасарлары электрондық форматта ПББ-дан өтеді.

5. ПББ аттестатталушының өтініші бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде өткізіледі.

6. ПББ келесі тапсырмалардан тұрады:

1) мектепке дейінгі ұйымдар мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтері үшін:

"Бейіні бойынша әдістемелерді білу, мектепке дейінгі педагогика және психология" – елу тапсырма.

2) бастауыш білім беру педагогтері үшін:

"Пәндік білім" - елу тапсырма;

3) негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтері үшін:

"Пәндік білім" – елу тапсырма;

4) қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін:

"Педагогика және психология негіздері" - елу тапсырма;

5) арнайы ұйымдардың, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, педагог-ассистенттері, әлеуметтік педагогтері, кәсіби бағдар берушілері, тәлімгерлері үшін:

"Педагогика және психология негіздері" - елу тапсырма;

6) арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері мен білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін:

"Бейіні бойынша пәндік білім" - елу тапсырма;

7) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (оқу-өндірістік комбинаттар) үшін:

жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, әдіскерлер, өндірістік оқыту шеберлері:

"Пәндік білім" – елу тапсырма;

басқа лауазымдардың педагогтері үшін:

"Педагогика және психология негіздері" - елу тапсырма;

8) білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін:

"Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білу" бағыты бойынша - алпыс тест тапсырмасы:

9) әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін:

"Оқыту әдістемесі, Қазақстан Республикасының заңнамасын және білім саласындағы нормативтік құқықтық актілерін білу" - елу тапсырма.

7. Педагогтердің білімін бағалау балдарын бөлу осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

8. ПББ нәтижелері Платформадағы педагогтің "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

9. Бейіні бойынша 30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар педагогтер жаңа жүйе бойынша бұрын берілген біліктілік санатын растаған кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді қорытудан өтеді.

Біліктілік санатын арттыру кезінде - жалпы негізде өтеді.

Бейіні бойынша 30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар, сондай-ақ ескі жүйе бойынша "бірінші", "жоғары" санатты педагогтер "педагог-модератор" біліктілік санатына ауысқан кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді қорытудан өтеді.

"Педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санатын алған кезде жалпы негіздерде өтеді.

Барлық лауазымдардың педагогтері "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санатын растау кезінде ПББ тапсырудан босатылады, қызмет нәтижелерін екі реттен артық емес кешенді жалпылаудан өтеді.

10. ПББ нәтижесі шекті деңгейге жеткен кезде оң деп саналады:

1) барлық лауазымдағы педагогтер үшін:

"педагог" біліктілік санаты - 50%;

"педагог-модератор" біліктілік санаты - 60%;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты - 70%;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты - 80%;

"педагог-шебер" біліктілік санаты - 90%.

2) білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшысының орынбасарлары үшін – 70%;

3) әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін:

"педагог" біліктілік санаты - 50 %;

"педагог-модератор" біліктілік санаты - 60 %;

"педагог-сарапшы" біліктілік санаты - 70 %;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санаты - 80 %;

"педагог-шебер" біліктілік санаты - 90 %.

Педагогтердің білімін бағалау ұпайлары осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бөлінеді.

11. Педагогтерге нұсқау беру уақытын есепке алмағанда, ПББ орындау ұзақтығы:

педагогтер үшін – сексен минут, "Математика", "Физика", "Химия", "Информатика" пәндері үшін – жүз жиырма бес минут;

білім беру ұйымдарының (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлері үшін – тоқсан минут;

мүмкіндіктері шектеулі (көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған) тұлғалар үшін қосымша 40 (қырық) минут беріледі.

12. ПББ:

педагогтер кезекті аттестаттауда жылына 1 (бір) рет – тегін, 1 (бір) рет – білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен сомаға сәйкес ақылы негізде;

мерзімінен бұрын аттестаттауға үміткер педагогтер жылына 1 (бір) рет – тегін;

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты бар өтілі жоқ тұлғалар, сондай-ақ педагогикалық қызметті қайта бастауға тілек білдірген тұлғалар – 1 (бір) рет - тегін, кейінгілері – білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен сомаға сәйкес ақылы негізде өтеді.

Сынамалық тестілеу (педагогтің қалауы бойынша) – ақылы негізде жыл бойы өтеді. Сынамалық тестілеудің нәтижелері ПББ-дан өту үшін негіз болып табылмайды.

13. Аттестаттау педагогтердің барлық лауазымдары үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды қамтиды.

Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін қызмет нәтижелерін таныстыра отырып, сондай-ақ Комиссия отырысында әңгімелесу өтеді.

Егер әдістемелік кабинет (орталық) заңды тұлға болмай құрылымдық бөлімше болып табылса, онда әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, басшы орынбасары әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері ретінде аттестаттау рәсімінен өтеді.

14. ПББ жүргізу кезінде:

тестілеу техникасы мен қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;

ПББ өтуіне байланысты тестілеу жүйесіне бұзушылық әрекет жасап, араласуға;

дәліз бойынша кезекші қызметін атқаратын адамның рұқсатынсыз және сүйемелдеуінсіз аудиториядан (компьютерлік кабинеттен) шығуға;

педагогтердің денсаулығына байланысты жағдайларды қоспағанда, аудиториядан (компьютерлік кабинеттен) 10 (он) минуттан аспайтын және 2 (екі) реттен артық шықпауға, бұл ретте тестілеудің бірінші және соңғы сағаттарында шығуға;

жанындағы адаммен сөйлесуға, бір орыннан екінші орынға ауысуға;

жұмыс үшін берілген құжаттар мен А4 қағаздармен алмасуға;

аудиторияға (компьютерлік кабинетке) келесі тыйым салынған заттарды: мобильді байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (смартфон), рациялар, ноутбуктер, плеерлер, модемдер (мобильді маршрутизаторлар), смарт сағаттар, смарт көзілдіріктер, фитнес-білезіктер (трекерлер), диктофон, сымды құлаққаптар, сымсыз, микроқұлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS (ДжиПиЭс) навигаторлар, GPS (ДжиПиЭс) трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары, сонымен қатар келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғылары: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) енгізуге;

аудиторияға (компьютерлік кабинетке) шпаргалкаларды, оқу-әдістемелік әдебиеттерді, Менделеевтің периодтық және тұздардың ерігіштік кестелерін, калькуляторды, түрлі форматтағы қағаздарды енгізуге;

аудиториядан (компьютерлік кабинеттен) түрлі форматтағы қағаздарды шығаруға рұқсат етілмейді.

15. ПББ өткізу талаптарын бұзу дерегі анықталған жағдайда аттестатталушы бір жыл мерзімде аттестаттаудан өтуге жіберілмейді.

ПББ өткізу талаптарын бұзу деректері қайта анықталған жағдайда педагог, бөлімнің басшысы (менгерушісі), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) басшысы орынбасары – бес жылға, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) басшысы – үш жылға аттестаттаудан өтуге жіберілмейді.

16. ПББ басталғанға дейін орнына отырғызылған соң тестілеу кезінде нұсқаулық жүргізіледі.

17. ПББ жүргізу кезінде білім беру саласындағы уәкілетті органның өкілдері байқаушы ретінде қатысады.

Бақылаушы тестілеу кезінде педагогтерге жәрдемдеспейді, тестілеуді өткізуге кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермейді. Тестілеуді өткізу тәртібін бұзған жағдайда бақылаушы өз функцияларын орындаудан шеттетіледі.

18. "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген мүгедектікті анықтау туралы құжат болған жағдайда мүмкіндігі шектеулі (көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған) тұлғалар мүгедектікті анықтау туралы құжаттарды өтінішке тіркейді, онда көмекшіні ұсыну қажеттігі қосымша көрсетіледі.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым педагогпен туыстық және басқа да байланысы жоқ, ПББ шеңберінде тапсырылатын пәндер педагогі болып табылмайтын ұйым қызметкерлерінің (және (немесе) ым тілін меңгерген маманның) қатарынан көмекші тағайындайды.

19. ПББ өткізген уақытында немесе тапсыру мерзіміне қарамастан рәсімнің бейнежазбасын қарау кезінде бұзушылықтар анықталған жағдайда осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Қағидаларды бұзу актісі жасалады.

20. ПББ нәтижесімен келіспеген жағдайда педагог ПББ өткізу залынан шықпай-ақ, әрбір тапсырма бойынша дәлелді (толық түсіндірмесі, тапсырмалардың қадамдық шешімі және т.б.) негіздемесімен компьютерлік тестілеу жүйесі арқылы апелляцияға өтініш беруге құқылы. ПББ өткізу залынан шыққаннан кейін апелляцияға педагогтің өтініші қабылданбайды.

Барлық тапсырмаларды дәлелді негіздемесіз (толық түсіндірме, тапсырмаларды кезең-кезеңімен шешу және т.б.) қайта қарау бойынша апелляцияға берілген өтініштер әрбір тапсырма бойынша қарауға жатпайды.

21. Апелляция мынадай жағдайларда:

1) тест тапсырмаларының мазмұны бойынша:

дұрыс жауаптың негіздемесімен келіспегенде;

дұрыс жауап болмағанда;

бірден көп дұрыс жауап болғанда;

тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған жағдайда;

2) тапсырмаларда фрагменттің немесе мәтіннің болмаған жағдайында техникалық себеп бойынша қаралады.

22. Апелляцияны өткізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган компьютерлік тестілеу жүйесінде апелляцияға өтініштерді қабылдауды қамтамасыз ететін Апелляциялық комиссия құрады.

23. Апелляциялық комиссия құрамына мемлекеттік органдар өкілдері мен білім беру ұйымдарының педагогтері кіреді.

Апелляциялық комиссия тақ саннан тұрады. Апелляциялық комиссияның мүшелері комиссия отырыстарына ауысу құқығынсыз қатысады.

Апелляциялық комиссия өкілеттігінің қолданылу мерзімі бір жылды құрайды.

24. Апелляциялық комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді. Апелляциялық комиссия отырыстарының хаттамасы уәкілетті орган бекіткен ұйымда бір жыл сақталады.

Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Апелляциялық комиссияның қарау мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

25. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша апелляцияны ескере отырып ПББ өткендігі туралы сертификат компьютерлік тестілеу жүйесіндегі педагогтің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Педагогтердің ПББ нәтижесі ПББ тапсырған күннен бастап бір жылға жарамды болып саналады.

26. ПББ-дан өткен педагогтердің электрондық дерекқорын сақтау бес жыл ішінде қамтамасыз етіледі.

27. ПББ өту кезінде педагогтер тапсыру тілін (қазақ, орыс), күнін, уақытын, тестілеу орнын таңдайды. Тестілеуден бір күн бұрын педагогке тестілеу күні, уақыты, орны туралы хабарлама жіберіледі.

28. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына тиісті деңгейдегі Комиссия өтініш негізінде жұмысқа қабылданған кезде педагогтерге білім беру ұйымының өтініші негізінде аттестаттау рәсімінен өткізбей:

жұмысқа орналасу кезінде бейін бойынша өндірісте соңғы 5 (бес) жылдан кем емес жұмыс өтілі болса – "педагог-модератор";

жұмысқа орналасу кезінде мамандығы бойынша соңғы 10 (он) жылдан астам жұмыс өтілі болса, "педагог-сарапшы" біліктілік санаттарын береді.

Біліктілік санатын беру жөніндегі комиссияның отырысы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Келесі аттестаттау осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

29. Комиссия өтініш негізінде лауазымға тағайындау кезінде аттестаттау рәсімінен өтпей:

Президенттің кадр резервіне кірген тұлғаларға, жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін бес жылдан кеш емес кезеңде Nazarbayev University, "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқуға ұсынылған шетелдік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне, қолданыстағы Сэлта CELTA сертификаты (сертифекейт ин англиш лэнгуиж тичинг ту адалтс. Кембридж Certificate in English Language Teaching to Adults.

Cambridge) пас энд эбав Pass and above) бар шет тілі мұғалімдеріне "педагог-модератор" біліктілік санатын береді.

қолданыстағы Дэлта DELTA сертификаты (диплом ин инглш лэнгуидж тичинг ту адалтс Diploma in English Language Teaching to Adults) пас энд эбав Pass and above) бар шет тілі мұғалімдеріне "педагог-сарапшы" біліктілік санатын береді.

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларға сәйкес жалпы негіздерде жүргізіледі.

30. Аттестаттаушы органның комиссиясы шетел (ағылшын, неміс, француз) тілі мұғаліміне өтініш пен тілді меңгеру деңгейі бойынша сертификат негізінде, ПББ рәсімінен өтпей, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау қорытындысы бойынша біліктілік санатын береді:

1) "педагог-модератор":

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) – 6,5 балл немесе тойфл (TOEFL) (internet Based Test (iBT) – 79-84 балл;

француз тілі: дельф (DELFI) – B2;

неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) – B2.

2) "педагог-сарапшы":

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) – 6,5 балл немесе тойфл (TOEFL) (internet Based Test (iBT)) – 85-93 балл;

француз тілі: дельф (DELFI) – B2;

неміс тілі: гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) – B2;

3) "педагог-зерттеуші":

ағылшын тілі: айелтс (IELTS) – 7 балл немесе тойфл (TOEFL) (Интернет бейсд тест (Ай Би Ти) internet Based Test (iBT)) – 94-101 балл, тикити ТКТ (тичинг ноулидж тест Teaching Knowledge Test) модульс Modules 1-3 (3 модульдің бірі) бэнд Band 3-4/4 (нәтиже 4 баллдан 3-4); тикити клил ТКТ CLIL (контент энд лэнгуидж лернин Content and Language Integrated Learning); тикити йан лернерс ТКТ YL (йан лернерс Young Learners).

француз тілі: Дельф (DELFI) – C1;

неміс тілі: Гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) – C1;

4) "педагог-шебер":

ағылшын тілі: Айелтс (IELTS) – 7,5 балл немесе тойфл (TOEFL) (Интернет бейсд тест (Ай Би Ти) internet Based Test (iBT)) – 102-109 балл; тикити ТКТ (тичинг ноулидж тест Teaching Knowledge Test) модульс Modules 1-3 (3 модульдің бірі) бэнд Band 3-4/4 (нәтиже 4 баллдан 3-4); тикити клил ТКТ CLIL (контент энд лэнгуидж лернин Content and Language Integrated Learning); тикити йан лернерс ТКТ YL (йан лернерс Young Learners);

француз тілі: Дельф (DELFI) – C1;

неміс тілі: Гесэ цэтификат (Goethe Zertifikat) – C1.

31. Шетел (қытай, түрік, араб және т.б.) тілдерін оқытатын мұғалімдерге жеке өтініш пен бірінші тіл ретінде сөйлейтін елдерде ресми танылған қолданыстағы сертификат негізінде, ПББ рәсімінен өтпей-ақ қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау нәтижесі бойынша Комиссия:

B2 деңгейі - "педагог-модератор";

C1 немесе C2 деңгейі - "педагог-сарапшы" біліктілік санатын береді.

32. "Мұғалімдер тапшылығы бар өңірлерге үздік педагогтерді тиісті қолдау шараларының пакетімен тарту қағидаларын бекіту туралы (Арнайы бағдарлама)" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 390 қаулысына сәйкес жұмысқа қабылданған мұғалімдерге аттестаттау рәсімінен өтпестен өтініші бойынша:

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектеріне – "педагог-модератор";

"педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші" біліктілік санаты бар педагогтерге – бір деңгейге жоғары біліктілік санаты беріледі.

Басқа білім беру ұйымына жұмысқа ауысқан кезде педагогтерге Арнайы бағдарлама шеңберінде берілген біліктілік санатын растау рәсімінен өтеді.

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

33. Білім беру саласындағы өзгерістердің көшбасшыларын іріктеу және даярлау бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және кадр резервіне енгізілген педагогтерге лауазымға тағайындалған кезде аттестаттау рәсімінен өтпей "бірінші санатты басшы" біліктілік санаты беріледі.

Кейінгі аттестаттау осы Қағидаларға сәйкес жүргізіледі.

34. Комиссия хаттамасының негізінде аттестаттаушы орган біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық шығарады және білім беру ұйымы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік береді.

1-параграф. Аттестаттау комиссиясының құрамы және қызметінің тәртібі

35. Білім беру саласындағы уәкілетті органда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органдарында, білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – аттестаттаушы орган) педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйегіне дейін бірінші басшының бұйрығымен мынадай біліктілік санаттары үшін комиссиялар құрылады:

1) білім беру ұйымдарында: "педагог-модератор";

2) ауданның (қаланың), облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органында: "педагог-сарапшы", "үшінші санаттағы басшының орынбасары", "екінші санаттағы басшының орынбасары", "үшінші санаттағы басшы", "екінші санаттағы басшы";

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органында:

"педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін, "бірінші санаттағы басшының орынбасары", "бірінші санаттағы басшы";

ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) үшін: "педагог-сарапшы", "үшінші санаттағы басшының орынбасары", "екінші санаттағы басшының орынбасары", "үшінші санаттағы басшы", "екінші санаттағы басшы";

4) білім беру саласындағы уәкілетті органның жанынан:

"педагог-шебер";

ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар), салалық мемлекеттік органның ұйымдары үшін: "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "үшінші санаттағы басшының орынбасары", "екінші санаттағы басшының орынбасары", "бірінші санаттағы басшының орынбасары", "үшінші санаттағы басшы", "екінші санаттағы басшы", "бірінші санаттағы басшы".

36. Педагогтерді аттестаттау жөніндегі комиссияның құрамына кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі бар және "педагог-сарапшы" немесе "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар педагогтер; әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың), педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдардың әдіскерлері, қоғамдық және үкіметтік емес және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері, білім беруді басқару органдарының, ведомстволық бағынысты ұйымдардың мамандары кіреді.

37. Комиссияның өкілеттігі қолданыста болған кезеңде аттестаттауға жататын педагогтер Комиссия құрамына кірмейді.

38. Комиссияның өкілеттік мерзімі Комиссия құрамын бекіту туралы бұйрық шығарылған күннен бастап бір жылды құрайды.

39. Комиссия мүшелері тақ саннан (жетіден кем емес) тұрады. Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Комиссия мүшелері Комиссия отырыстарына алмасу құқығынсыз қатысады. Комиссия хатшысы Комиссия отырысына қажетті материалдар мен құжаттарды дайындайды, хаттаманы рәсімдейді және қол қояды. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды.

40. Комиссияның отырысы, егер оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса заңды деп есептеледі.

Дауыс беру нәтижелері Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

41. Комиссия педагогтердің (ұйымның, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысынан (басшының орынбасарынан) басқа) аттестаттау нәтижелері бойынша келесі тұжырымдармен қорытынды шешім қабылдайды:

- 1) өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 2) қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді;
- 3) қолданыстағы біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді.

42. Комиссия шешімі осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес хаттамамен рәсімделеді. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамадан үзінді көшірме педагогтің электрондық поштасына жіберіледі. Аттестаттаудан өткен педагогтердің тізімі аттестаттаушы органның интернет-ресурсында жарияланады.

2-параграф. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

43. Аттестаттау үшін құжаттарды беру осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне (бұдан әрі - Негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес жүзеге асырылады.

Аттестаттаудан өту үшін педагог ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен 31 желтоқсанына дейін осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

44. Мемлекеттік қызметті білім беру ұйымдары, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, Орта білім беру комитеті, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі – қызмет көрсетуші) көрсетеді.

45. Мемлекеттік қызмет Платформа арқылы көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетіне" Платформа арқылы құжаттарды беру кезінде бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама немесе осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама келіп түседі.

Өтініш платформа арқылы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда өтініш келесі жұмыс күні тіркеледі.

Негізгі талаптар тізбесінде көзделген құжаттар топтамасы немесе қолданылу мерзімі өткен құжаттар толық ұсынылмаған жағдайда, осы

Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама келіп түседі.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының қызмет көрсетуге келісімін алу талап етіледі, сондай-ақ аттестаттаудан өтуге өтінішті, аттестаттау жөніндегі комиссияның шешімін қабылдау туралы көрсетілетін қызметті алушыға автоматты хабарламалар жіберу көзделген.

46. Педагогтің қызметі мен жетістіктерінің дәлелдерін көрсететін материалдар (портфолио) әртүрлі дерекқорлардан құжаттарды (мәліметтерді) жинау және өңдеу арқылы Платформадағы "жеке кабинетте" автоматты түрде қалыптастырылады.

Педагог өзінің кәсіби қызметінің нәтижелерін қадағалайды, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау қорытындылары туралы хабарламаны, ПББ нәтижесін, Платформада Комиссия шешімінің хаттамасынан үзінді алады.

47. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды тиісті деңгейдегі Комиссия жүргізеді.

48. Комиссия қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізу үшін педагогтің "жеке кабинетіне" Платформада қаңтар мен маусым аралығында немесе қажет болған жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Комиссия педагогтің материалдарына (портфолиосына) өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге құқылы емес.

49. Комиссия үш жұмыс күні ішінде педагогтің "жеке кабинетінде" осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені Платформада орналастырады.

Аттестаттаудан өткен педагогтердің тізімі Платформада орналастырылады.

50. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Заңның 10-бабының 5) тармақшасына, 14-бабының 3) тармақшасына, 23-бабына сәйкес орталық мемлекеттік орган осы Қағидаларға өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларды өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

51. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызмет

көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шағымдалған лауазымды тұлғаның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түскен көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түскен көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды тұлға, егер үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік іс-әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен қызмет алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқа тәртіп көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

3-параграф. Педагогтің қызмет нәтижесін кешенді талдамалық жинақтауды өткізудің тәртібі

52. Педагог қызметінің және жетістіктерінің біліктілік санатының талаптарына сәйкестігін бағалау үшін қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау жүргізіледі.

Материалдарға (портфолиоға) педагогтің эссесі қосылады. Эсседегі сөздердің саны 250-300 (екі жүз елу – үш жүз) сөзден құралу керек. Эссе тақырыптарын жыл сайын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Материалдарды (портфолионы) дайындау кезінде академиялық адалдық қағидаты сақталады.

53. Педагогтер қызметінің нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізу үшін әрбір пән бойынша немесе бағыт бойынша жеке Сараптамалық кеңес құрылады. Сараптамалық кеңестің құрамына сараптамалық кеңестің төрағасы мен мүшелері кіреді. Сараптамалық кеңес мүшелерінің саны так

саннан, кемінде жеті адамнан тұрады. Төраға Сараптамалық кеңес мүшелерінің арасынан сайланады.

54. Сараптамалық кеңестің құрамы бекітіледі:

"педагог-модератор" біліктілік санатына – білім беру ұйымы деңгейінде ұйымдастырылатын, кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі бар әдіскерлерден, педагогтерден, "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар педагогтерден құралған Сараптамалық кеңес;

"педагог-сарапшы" біліктілік санатына - ауданның (қаланың), облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органы деңгейінде ұйымдастырылатын, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерінен, кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі бар педагогтерден, "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар педагогтерден, педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарының өкілдерінен тұратын Сараптамалық кеңес;

"педагог-зерттеуші" біліктілік санатына; "педагог-сарапшы" (ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) үшін); "педагог-шебер" (әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін – облыстың, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде ұйымдастырылатын, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерінен, кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі бар педагогтерден, "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" біліктілік санаттары бар педагогтерден, педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарының өкілдерінен тұратын Сараптамалық кеңес;

"педагог-шебер" біліктілік санатына; "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші" (ведомстволық бағынысты ұйымдар, білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар), салалық мемлекеттік орган ұйымдары үшін) - республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жанынан ұйымдастырылатын, білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымдарының, салалық мемлекеттік органдардың өкілдерінен, білім беру ұйымдарының кемінде 10 (он) жыл жұмыс өтілі, "педагог-шебер" біліктілік санаты бар педагогтерден, педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымдарының өкілдерінен тұратын Сараптамалық кеңес.

55. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау үшін ұсынылған материалдарды (портфолиоарды) Комиссия жылына бір рет Сараптамалық кеңеске қарау үшін жібереді.

Педагогтің біліктілік санатын беруге (растауға) арналған материалдары (портфолиосы) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдау-тапсыру актісі негізінде Сараптамалық кеңеске беріледі.

56. Сараптамалық кеңес осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес педагог материалдарын (портфолиосын) бағалау парағы бойынша портфолионы бағалайды. Орта (арнайы), қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы педагогінің сабағын (сабағын, ұйымдастырылған қызметін, іс-шарасын) бағалау парағы осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес байқау парағына сәйкес бағаланады.

57. Сараптамалық кеңес тиісті деңгейдегі Комиссияға осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 шілдесіне дейін) біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагогтердің портфолиосын бағалау парақтарын және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау қорытындылары бойынша ұсынымдарды жібереді.

58. Комиссия тиісті жылдың қаңтары мен тамыз аралығындағы кезеңі қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізеді.

59. Комиссия мүшелері осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес педагогтердің материалдарын (портфолиосын) бағалау парақтарын толтырады. Орта (арнайы), қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы педагогінің сабағын (сабағын, ұйымдастырылған қызметін, іс-шарасын) бағалау парағы осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес байқау парағы бойынша толтырылады.

60. Педагогтің материалдарын (портфолиосын) қарау кезінде аудио немесе бейнежазба жүргізіледі, ол аттестаттаушы органда кемінде бір жыл сақталады.

61. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау материалдары мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келген, бірақ ПББ өтудің шекті деңгейіне жетпеген жағдайда педагогке:

біліктілік санатын растаған жағдайда бір деңгейге төмен;

біліктілік санатын беру жағдайында ПББ нәтижелерінен жоғары емес біліктілік санаты беріледі.

62. Біліктілік санатын беру (растау) біліктілік сипаттамаларына және кәсіптік стандартқа сәйкес біліктілік санатынан өту мерзімдері мен бірізділік принциптерін сақтай отырып жүзеге асырылады:

1) "педагог" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе қайта даярлау туралы құжаты бар, бейіні бойынша кемінде бір жыл педагогикалық өтілі бар тұлғалар;

ПББ өткен "педагог-тағылымдамашы", оның ішінде:

педагогикалық лауазымдағы жұмысын қайта бастаған (тиісті бейіні бойынша жалпы педагогикалық өтілі кемінде 1 жыл болған кезде

педагогикалық лауазымды қайта бастау мерзімі 5 (бес) жылдан аспайды) және біліктілік санаты жоқ;

білім беру ұйымдарына білім беру саласындағы уәкілетті органнан, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден, біліктілікті арттыру институттарынан, жоғары оқу орындарынан ауысқан;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мамандығы бойынша оқуда (тағылымдамада) болған;

тиісті бейіні бойынша педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шет елдерден келген;

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қоса алғанда тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі немесе қайта даярлау туралы құжаты бар білім беру ұйымдарына педагог лауазымына қабылданған біліктілік санаты жоқ тұлғалар;

қосымша білім беру жүйесінде 5 (бес) және одан да көп жыл кәсіби өтілі бар;

оқу пәнінің мазмұнын, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке дамуына арналған педагогика мен психологияның заманауи тәсілдерін біледі;

жоспарлауды жүзеге асырады, әртүрлі әдістерді, оқыту стратегияларын және бағалау құралдарын меңгереді;

танымдық (білім беру) үдерісінің қағидаттарын ескере отырып, сабақ (оқу, қызмет, іс-шаралар) өткізеді және күтілетін нәтижелерге қол жеткізеді, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қажеттіліктерін ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асырады;

білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысады;

ата-аналарды (заңды өкілдерді) оқыту (тәрбиелеу) нәтижелері туралы хабардар етеді, әріптестерімен (тәрбиеленуші) білім алушылардың үлгерімін (дамуын) талқылайды;

оқыту тәжірибесін жетілдірудегі өз қажеттіліктерін айқындайды, әріптестерімен өзара іс-қимыл жасайды;

қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасының нормаларын, этикалық нормаларды сақтайды;

2) "педагог-модератор" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сонымен қатар біліктілігіне сәйкес педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты бар, кемінде екі жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіптік құзыреттіліктері бар тұлғалар:

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақты (оқу, қызмет, іс-шара) жоспарлайды

және өткізеді, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін бағалаудың қажетті әдістемелері мен құралдарын анықтайды;

қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын қолдайды, өз жұмысында этикалық нормаларды қолданады;

білім алушылармен (тәрбиеленушілермен және ата-аналармен (заңды өкілдермен) оқыту (оқу, тәрбиелеу) нәтижелерін және жақсарту жолдарын талқылайды;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескеретін әріптестердің өзекті нәтижелері мен өз тәжірибесін талдайды;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беруді басқару органының немесе тиісті саланың уәкілетті органының білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген жоспарына сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар болады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе аудандық (қалалық) деңгейдегі білім беруді басқару органының немесе тиісті саланың уәкілетті органының білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген жоспарына сәйкес білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың қатысушысы болып табылады;

3) "педагог-сарапшы" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар адамдар, сонымен қатар біліктілігіне сәйкес педагогикалық қайта даярлау туралы құжаты, кемінде үш жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіптік құзыреттері бар тұлғалар:

"педагог-модератор" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

пәнаралық (пәндік) байланыстарды, бағалау технологиялары мен стратегияларын жоспарлайды және қолданады, жеке қабілеттер мен қажеттіліктерді ескереді;

қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын қамтамасыз етеді, өз жұмысында жоғары этикалық нормаларды басшылыққа алады;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қабілеттерінің дамуы мен ілгерілеуін бағалайды және қадағалайды;

білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін дамыту бойынша өз тәжірибесінің нәтижелерін және әріптестердің өзекті зерттеулерін бағалайды;

аудан/қала (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде жұмыстың әртүрлі нысандары арқылы әріптестеріне әдістемелік қолдау көрсетеді;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе аудандық (қалалық), облыстық (облыстық маңызы бар қала, астана) деңгейдегі білім беруді басқару органының немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органының жоспарына сәйкес аудан/қала (облыстық маңызы бар қала) деңгейіндегі конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар болады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе аудандық (қалалық), облыстық (облыстық маңызы бар қала, астана) деңгейдегі білім беруді басқару органының немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органының жоспарына сәйкес аудан, облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) кәсіптік шеберлік конкурстарына қатысушы болып табылады;

4) "педагог-зерттеуші" біліктілік санатына:

тиісті бейініне сәйкес жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі, кемінде бес жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіптік құзыреттері бар тұлғалар:

"педагог-сарапшы" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, бұдан басқа:

авторлық технологиялар мен бағалау стратегиялары негізінде оқытудың (оқудың, тәрбиелеудің) кіріктірілген үдерісін жүзеге асырады;

қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын басқарады, әріптестеріне этикалық нормаларды түсінуде қолдау көрсетеді;

педагогикалық қоғамдастық үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) даму мониторингінің нәтижелерін пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлейді;

әріптестерімен бірге сабақты (оқуды, қызметті, іс-шараны) зерттейді және білім беру ұйымдарында оқыту (тәрбиелеу) тәжірибесін жақсарту үшін зерттеу нәтижелерін таратады;

облыс деңгейінде (кемінде 3 (үш) ауданды/ қаланы қамти отырып); республикалық маңызы бар қалалар мен Астанада, республикада (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) тәжірибені таратады;

білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешендерді, бағдарламаларды әзірлейді және енгізеді;

тәлімгерлікті жүзеге асырады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге және облыстық деңгейдегі білім беру органының (республикалық маңызы бар қалалардың

және астананың) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саланың уәкілетті органының жоспарына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар және салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) кәсіптік шеберлік конкурстарына қатысушы немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша жаттықтырушы (қолданыстағы сертификаты бар) болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе облыстық деңгейдегі білім беру органының (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қалалар мен астана, республика (республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылары бар;

5) "педагог-шебер" біліктілік санатына:

тиісті бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білімі, кемінде алты жыл педагогикалық өтілі бар, мынадай кәсіби құзыреттіліктері бар тұлғалар:

"педагог-зерттеуші" біліктілік санатының жалпы талаптарына сәйкес келеді, сонымен қатар:

тәжірибені зерттеу нәтижелерін ескере отырып, оқытудың (оқудың, тәрбиелеудің) кіріктірілген үдерісін жоспарлайды және жүзеге асырады;

қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын құру бойынша тиімді тәжірибені таратады, этикалық нормаларды сақтаудың үлгісі болып табылады;

педагогикалық қоғамдастықта білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) дамыту бойынша ынтымақтастықтың тиімді тәжірибесін таратады;

білім беру ұйымдарындағы зерттеулерді үйлестіреді, нәтижелерді педагогикалық қоғамдастыққа таратады, әріптестерінің кәсіби дамуына қолдау көрсетеді;

білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешендерді немесе бағдарламаларды немесе әдістемелік материалдарды әзірлейді және тәжірибеге енгізеді немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізіміне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (бірлескен авторы) болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес республикалық немесе халықаралық деңгейдегі кәсіптік шеберлік конкурстарына қатысушы немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша жаттықтырушы (қолданыстағы сертификаты бар) болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе республикалық ведомстволық бағынысты ұйымдар немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республика деңгейінде немесе халықаралық деңгейде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, чемпионаттарға қатысушылары болады;

республикалық деңгейдегі ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының республика деңгейінде ұйымдастырған педагогтері үшін (кемінде 3 облысты қамти отырып) тәжірибені таратады.

63. "Екінші санат", "бірінші санат", "жоғары санат" біліктілік санаттары бар педагогтер өтініш негізінде осы Қағидаға сәйкес тиісінше немесе жалпы негіздерде "педагог-модератор", "педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші" біліктілік санатын беру үшін біліктілік бағалауынан, ПББ-дан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді.

Мәлімделген біліктілік санаттарына өтпеген педагогтерге санат ПББ нәтижелері негізінде беріледі. "Педагог-модератор" біліктілік санатын беру үшін ПББ ұпайлары жеткіліксіз болған жағдайда, педагогке "педагог" санаты беріледі.

64. Педагогтер біліктілік санатын беруге (растауға) кезекті аттестаттау кезінде өтініші негізінде біліктілік бағалауынан, ПББ-дан, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан өтеді.

65. Біліктілік санаттарын сақтай отырып, аттестаттау педагогтердің өтініші негізінде, екі жылдан аспайтын мерзімге келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әлеуметтік мәні бар аурулар мен айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар тізбесіне енгізілген аурулар бар болған жағдайда еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде;

2) жүктілігі және босануы, бала күтімі жөніндегі демалыстан шыққаннан кейін, оның ішінде жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған қызметкерлер үшін ол үш жасқа толғанға дейін;

3) білім беру саласындағы уәкілетті органның, білім беруді басқару органдарынан, әдістемелік кабинеттерден (орталықтардан), педагогтердің

біліктілігін арттыру ұйымдарынан, біліктілікті арттыру институттарынан білім беру ұйымдарына ауысқан тұлғаларға;

4) педагогикалық қызметті жүзеге асырған және Қазақстан Республикасына жақын және алыс шет елдерден келген тұлғаларға беріледі;

5) егер педагогтің біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір жыл қалса, ал педагог Қазақстан Республикасының ішінде басқа білім беру ұйымына ауысса.

66. Жасы зейнеткерлікке төрт жылдан аз қалған педагогтер аттестаттау рәсімінен босатылады. Тағайындалған біліктілік санаты оның берген өтініші негізінде зейнеткерлік жасқа толғанға дейін сақталады.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін педагогикалық қызметті жүзеге асыруды жалғастыратын зейнеткерлік жастағы педагогтер осы Қағиданың 9-тармағына сәйкес аттестаттау рәсімінен өтеді.

67. Педагогтерге біліктілік санатын беру білімі туралы дипломда немесе педагогикалық қайта даярлау туралы құжатта көрсетілген мамандыққа (біліктілікке) сәйкес немесе (бірінші басшылар, басшылардың орынбасарлары, бөлім басшылары (меңгерушілер), білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, арнайы педагогтер, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтері үшін) атқаратын лауазымы бойынша тиісті біліктілік беріле отырып жүзеге асырылады.

68. Білімі туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген пәндерді оқыту кезінде біліктілік санатын беру негізгі лауазым бойынша жүргізіледі.

Негізгі лауазым бойынша берілген біліктілік санаты білімі туралы дипломда бір мамандық ретінде көрсетілген оқытылатын пәндерге де қолданылады.

69. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (оқу-өндірістік комбинаттары) педагогтеріне кезекті біліктілік санатын беру (растауды) оқытатын бейіні немесе атқаратын лауазымына сәйкес өтеді.

"Педагог (оқытушы)" лауазымы бойынша берілген біліктілік санаты "бөлімше меңгерушісі", "өндірістік оқыту шебері", "аға шебер" лауазымдарына қоса атқару немесе қоса атқару шарттарында педагогикалық қызмет ауысқан немесе жүзеге асырылған кезде сақталады.

"Бөлімше меңгерушісі", "өндірістік оқыту шебері", "аға шебер" лауазымдары бойынша берілген біліктілік санаты "педагог (оқытушы)" лауазымына ауысқан және қоса атқару немесе қоса атқару шарттарында педагогикалық қызметті жүзеге асырған кезде сақталады (таратылады).

70. "Көркем еңбек", "Еңбекке баулу" пәні бойынша сабақ беретін педагогтер "Технология", "Бейнелеу өнері", "Сызу" мамандықтары бойынша; "Графика және жобалау" пәні бойынша – "Бейнелеу өнері", "Сызу",

"Информатика" мамандықтары бойынша дипломмен аттестаттаудан өтеді, сондай-ақ бұрын берілген біліктілік санатына сәйкес кәсіптік оқуы ескеріледі.

71. Педагог жоғары оқу орындарында немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандарды кәсіптік даярлау жүзеге асырылмайтын пәндерді оқытқан жағдайда оның бұрын алған санаты сақталады. Кезекті біліктілік санатын беру біліктілікті арттыру туралы құжаты болған жағдайда жалпы негізде жүзеге асырылады.

72. Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына немесе әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыратын ұйымға ауысқан кезде немесе педагогикалық қызметті қоса атқару немесе қосымша атқару шарттарында жүзеге асырған кезде немесе педагогтің қызмет бейініне сәйкес білім беру ұйымында педагогті басқа лауазымға тағайындаған кезде қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданыстағы біліктілік санаты сақталады.

4-параграф. Педагогтерге біліктілік санаттарын мерзімінен бұрын беру (растау) тәртібі

73. Қызметтің тиісті нәтижелері болған кезде кезекті аттестаттаудан кейін кемінде 2 (екі) жыл өткен соң біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге жол беріледі.

1) "педагог-сарапшы" - педагог кемінде төрт талапқа сәйкес болуы тиіс:

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейлердегі кәсіптік шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе облыстық деңгейдегі білім беруді басқару органы немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес облыстық, республикалық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған педагогтер;

аудандық/қалалық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған;

облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін) педагогтер үшін іс-шаралар өткізуге қатысады;

C1 (CEFR) деңгейінде ағылшын тілін меңгерген және пәндерді ағылшын тілінде оқытатын адамдар;

бейіндік пән бойынша халықаралық дәрежедегі кандидат немесе спорт шебері болып табылатын адамдар;

бейіні бойынша жоғары біліктілік разряды бар өндірістік оқыту шеберлері.

2) "педагог-зерттеуші" - педагог кемінде бес талапқа сәйкес болуы тиіс:

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегері немесе жеңімпазы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған адамдар;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;

Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің немесе бағдарламаның немесе әдістемелік материалдардың авторы болып табылады;

білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесте облыс, республикалық маңызы бар қалалар, республика деңгейінде тәжірибені жинақтайды (ведомстволық бағынысты ұйымдар мен салалық мемлекеттік органдардың білім беру ұйымдары үшін);

облыстық деңгейдегі "Үздік педагог" атағына ие болған;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD ғылыми докторы дәрежесі және кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар.

3) "педагог-шебер" - педагог кемінде алты талапқа сәйкес болуы тиіс:

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық деңгейдегі олимпиадалардың, конкурстардың, жарыстардың, чемпионаттардың жеңімпазын немесе жүлдегерін дайындаған;

білім беру саласындағы уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тізбеге сәйкес халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпазы немесе жүлдегері болып табылады;

Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу-әдістемелік кешеннің немесе бағдарламаның немесе әдістемелік материалдардың авторы болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың тізбесіне енгізілген жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады;

білім беру саласындағы уәкілетті органның жанындағы оқу-әдістемелік кеңесте республикалық деңгейде тәжірибені таратады;

ғылым кандидаты/докторы немесе PhD докторы дәрежесі және кемінде бес жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар;

Қазақстан Республикасының "Үздік педагогі" атағына ие болған адамдар.

Комиссия "мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді" деген шешім қабылдаған кезде мерзімінен бұрын аттестаттау кезінде қолданыстағы біліктілік санаты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

5-параграф. Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын, басшы орынбасарларын аттестаттаудан өткізу тәртібі

74. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысының біліктілік санаты үш жылға, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинет (орталық) басшысы орынбасарларының біліктілік санаты бес жылға жарамды.

Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталық) бірінші басшысы, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары біліктілік санатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін алты ай бұрын осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

75. Тиісті деңгейдегі аттестаттау органының персоналды басқару қызметі жыл сайын қыркүйектің бірінші онкүндігінде аттестатталатын білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылардың, басшы орынбасарларының алдағы күнтізбелік жылға тізбесін айқындайды және сәйкес деңгейдегі Комиссияға жібереді.

76. Бастапқы аттестаттау рәсіміне қатысатын білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары ПББ нәтижелеріне және қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауға сәйкес кезектілікті сақтамай біліктілік санатын беруге өтініш беруге құқылы. Кейінгі аттестаттау бірізділік принципіне сәйкес жүргізіледі.

77. Комиссия білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мерзімдерде аттестаттауды өткізу кестесіне сәйкес қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауды жүргізеді.

78. Комиссия мүшелері осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нұсқаулық бойынша білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) бірінші басшыларының, басшы орынбасарларының материалдарын (портфолио) бағалау парақтарын толтырады, осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес аттестатталушының қызметінің нәтижелерін таныстырумен әңгімелесу өткізеді.

Портфолионы қарау кезінде аудио немесе бейнежазба жүргізіледі, ол аттестаттаушы органда кемінде бір жыл сақталады.

79. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшыларын, басшылардың орынбасарларын кезекті аттестаттау нәтижелері бойынша Комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді;
- қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді;
- мәлімделген біліктілік санатынан төмен біліктілік санатына сәйкес келеді;
- біліктілік санатына сәйкес келмейді (қайта аттестаттауға жатады).

Комиссияның шешімі осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен рәсімделеді.

80. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, басшының орынбасары осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша келесі біліктілік санатын беруге тиісті деңгейдегі комиссияға қызмет нәтижелерінің мәлімделген біліктілік санатына сәйкес екі жыл ішінде үздіксіз қол жеткізу негізінде мерзімінен бұрын өтініш беруге құқылы.

"Мәлімделетін біліктілік санатына сәйкес келмейді" шешімін қабылдаған кезде Комиссия үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені Платформадағы "жеке кабинетте" орналастырады. Бұл ретте қолданыстағы біліктілік санаты сақталады.

81. "Басшы-ұйымдастырушы" біліктілік санаты "үшінші санаттағы басшы" біліктілік санатына; "басшы-менеджер" біліктілік санаты "екінші санаттағы басшы" біліктілік санатына; "басшы-көшбасшы" біліктілік санаты "бірінші санаттағы басшы" біліктілік санатына теңестіріледі.

82. Білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы, басшының орынбасары бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысқан кезде қолданыстағы біліктілік санаты басшы, басшының орынбасары лауазымындағы қызмет мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

Бірінші басшы білім беру ұйымы басшысының орынбасары лауазымына және керісінше ауысқан кезде басшының (басшының орынбасарының) қолданыстағы біліктілік санаты келесідей лауазымдар бойынша біліктілік санаттары шеңберінде оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады:

- "бірінші санатты басшы" - "бірінші санаттағы басшының орынбасары";
- "екінші санаттағы басшы" - "екінші санаттағы басшының орынбасары";
- "үшінші санаттағы басшы" - "үшінші санаттағы басшының орынбасары".

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
1-қосымша

Педагогтің білімін бағалаудан өтуге өтініш

Мен, _____,
(педагогтің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

ЖСН _____

(диплом бойынша мамандық) мені 20____ жылы педагогтің білімін бағалаудан (ПББ) өтуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қазіргі уақытта _____ жылғы _____ айының _____ күніне дейін жарамды біліктілік санатым бар/немесе жоқ

Тестілеуді тапсыру тілі (керегінің астын сызу керек): қазақша/орысша.

Жұмыс

орны:

(білім беру ұйымының атауы, лауазымы)

ПББ рәсіміне қатыса отырып, дербес деректерді өңдеуге өз келісімімді беремін.

ПББ (тестілеу) өткізілетін ғимаратта тыйым салынған заттарды пайдалануға әрекет жасағаны үшін жауапкершілік туралы хабардар етілдім.

Тыйым салынған зат табылған кезде ережелерді бұзу актісі жасалып, нәтижелері жойылатыны, педагог аудиториядан шығарылатыны, бір жыл мерзімге ПББ рәсімінен өту құқығынан айырылатыны, бұзушылық қайталанған жағдайда педагог, бөлім басшысы (меңгерушісі), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері, білім беру ұйымы, әдістемелік кабинет (орталық) басшысының орынбасары бес жыл мерзімге, білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) бірінші басшысы (басшысының орынбасары) – үш жылға жіберілмейтіні туралы хабарланды.

ПББ рәсімін өткізу талаптарын бұзу фактілері, сондай-ақ рәсімнің бейнежазбасын қарау кезінде анықталған қағидаларды бұзу фактілері анықталған кезде, тапсыру мерзіміне қарамастан, қағидаларды бұзу актісі жасалып, нәтижелердің күші жойылатыны хабарланды.

ПББ өткізу талаптарын бұзу актісімен танысуға және оған қол қоюға міндетті екендігі туралы хабардар етілді.

Тыйым салынған заттар: сыртқы байланысты немесе деректерді сақтауды және іздеуді қамтамасыз ететін кез келген электрондық құрылғылар;

шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер; калькулятор және түзету сұйықтығы.

" ____ " _____ 20__ жыл
_____(қолы)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
2-қосымша

**Педагогтердің білімін бағалау балдарын бөлу
(Платформа жұмыс істей бастағаннан кейін)**

Мектепке дейінгі ұйымдардың және мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Білім беру (бал)
Педагог	Бейіні бойынша әдістемені білу, мектепке дейінгі педагогика және психология	50	50%	25
Педагог - модератор		50	60%	30
Педагог - сарапшы		50	70%	35
Педагог-зерттеуші		50	80%	40
Педагог-шебер		50	90%	45

Бастауыш білім беру, негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Білім беру (бал)
Педагог	Пәндік білім	50	50%	25
Педагог - модератор		50	60%	30
Педагог - сарапшы		50	70%	35
Педагог-зерттеуші		50	80%	40
Педагог-шебер		50	90%	45

Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Білім беру (бал)
Педагог	Педагогика және психология негіздері	50	50%	25
Педагог - модератор		50	60%	30
Педагог - сарапшы		50	70%	35
Педагог-зерттеуші		50	80%	40
Педагог-шебер		50	90%	45

Арнайы ұйымдардың, интернаттық ұйымдардың, жатақханалардың тәрбиешілері, педагог-ассистенттер, әлеуметтік педагогтер, тәлімгерлер, кәсіптік бағдар берушілер үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Білім беру (бал)
Педагог	Педагогика және психология негіздері	50	50%	25
Педагог - модератор		50	60%	30
Педагог - сарапшы		50	70%	35

Педагог - зерттеуші	50	80%	40
Педагог - шебер	50	90%	45

Арнайы білім беру ұйымдарының және білім беру ұйымдарының арнайы педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Білім беру (ба)
Педагог	Бейіні бойынша пәндік білім:	50	50%	25
Педагог - модератор	1)"Сурдопедагогика" (есту қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін),	50	60%	30
Педагог - сарапшы	2)"Тифлопедагогика" (көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);	50	70%	35
Педагог - зерттеуші	3)"Логопедия" (сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін);	50	80%	40
Педагог - шебер	4)"Дефектология (олигофренопедагогика)" (зияты зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балалармен, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесудің бұзылысы немесе қиындықтары бар балалармен жұмыс істейтін арнайы педагогтер үшін)	50	90%	45

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (оқу-өндірістік комбинаттар) педагогтері үшін (жалпы білім беретін пәндер, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер бойынша оқытушылар, әдіскерлер, өндірістік оқыту шеберлері)

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Білім беру (ба)
Педагог	Пәндік білім	50	50%	25
Педагог - модератор		50	60%	30
Педагог - сарапшы		50	70%	35
Педагог - зерттеуші		50	80%	40
Педагог - шебер		50	90%	45

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өзге де лауазымдарының педагогтері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар	Біліктілік тестінен өту үшін (%)	Білім беру (ба)
Педагог	Педагогика және	50	50%	25

Педагог - модератор	психология негіздері	50	60%	30
Педагог - сарапшы		50	70%	35
Педагог - зерттеуші		50	80%	40
Педагог - шебер		50	90%	45

Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар		Біліктілік тест өту үшін (%)
Педагог	Оқыту әдістемесі, ҚР заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді білу	Оқыту әдістемесі	20	50%
Педагог - модератор		"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	12	60%
Педагог - сарапшы		"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	6	70%
Педагог - зерттеуші		"Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	12	80%
Педагог - шебер				90%

Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін

Санаттар	Блок	Пән бойынша балдар		Біліктілік тест өту үшін (%)
Кезекті біліктілік санатын беру	ҚР заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді білу	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі	10	70%
		Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекс	10	
		"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	10	
		"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	5	
		"Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	10	

		"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы	5		
		"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	10		

Қосымша білім беру ұйымдарының бірінші басшылары, басшының орынбасарлары үшін

Санаттар	Блок		Пән бойынша балдар		Біліктілік тесілету үшін (%)
Кезекті біліктілік санатын беру	ҚР заңнамасын және нормативтік құқықтық актілерді білу	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі	12	60	70%
		Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекс	10		
		"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	12		
		"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	6		
		"Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	10		
		"Сыбайлас	10		

		жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы		
--	--	---	--	--

Педагогтерді а
өткізу қағид
шартта
3-қос
Ны

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу ережелері мен шарттарын бұзу актісі

Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының тармағы

20____жылғы "____" _____ сағ. _____ мин.

_____ бұл туралы акт жасалды.

Педагог _____,

(Т.А.Ә. (бар болса)

ЖСН _____

— Жұмыс орны _____,

Аудитория №____, орын №____, ПББ кезінде аудиториядағы тәртіп ережелерін бұзды:

_____,

бұзушылық фактісінің сипаттамасы

Осы факт негізінде материал алынды /педагог аудиториядан шығарылды / ПББ нәтижелері жойылды.

Аудитория бойынша кезекші _____

(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)

ПББ жүргізуге жауапты _____

(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)

Бақылаушы _____

(Т.А.Ә. (бар болса) қолы)

Актімен

таныстым

_____ (Т.А.Ә. (бар болса) педагог қолы)

Күні: _____

Мөр орны

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен

Нысан

Педагогтердің білімін бағалаудан өткені туралы сертификат

педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)

"__" "__" 20__ ж., __біліктілік санатына __

қаласындағы

ПББ қатысты.

ПББ келесі нәтижесін көрсетті:

1) өтінім берілген біліктілік санатына бал жинады: "педагог-модератор",
"педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер"

(керегінің астын сызу керек)/ (ПББ-дан өтті),

2) біліктілік санатына төмен деңгейде балл жинады: "педагог-модератор",
"педагог-сарапшы", "педагог-зерттеуші"

(керегінің асты сызылсын).

3) ПББ өтпеді.

ПББ нәтижесі

№	Модульдің атауы	Тест тапсырмаларының саны	Максималды балл саны	Ж
Барлығы				

Ескертпе:

Апелляцияға берген педагогтердің жеке кабинетіне апелляцияны ескере отырып, ПББ өткені туралы анықтама жіберіледі. Тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясына өтініш берген кезде апелляция нәтижесімен берілген сертификат ескеріледі.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
5-қосымша

**Біліктілік санатын беру (растау) туралы
КУӘЛІК**

Осы куәлік _____

(Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)

20__ " __ " ____ Біліктілік санаттарын беру (растау) бойынша аттестаттау
комиссиясының шешіміне сәйкес

(білім беру ұйымының немесе білім басқармасы органының толық
атауы)

20 ____ жылғы " ____ " ____ № бұйрығымен _____ біліктілік санаты
_____ лауазымы бойынша берілді (расталды).

(лауазымның атауы)

Осы куәлік 20 ____ жылғы " ____ " _____ дейін жарамды.

Білім беру ұйымының/білім беруді басқару органының басшысы

— (ТАӘ (болған жағдайда), қолы)

Басып шығару орны

Тіркеу нөмірі _____

Берілген күні " ____ " _____ 20 ____ жыл

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
6-қосымша

Педагогтің/бөлім басшысының (менгерушісінің) және әдістемелік кабинеті (орталық)
әдіскерінің біліктілік санатын беруге (растауға) арналған комиссия отырысының хаттамасы

20 ____ жылғы " ____ " _____

Комиссия төрағасы

— Комиссия мүшелері:

1. _____
2. _____

Біліктілік санатын беру (растау) кезеңдерінің қорытындысы бойынша комиссияның
шешімі

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Кезекті/ мерзімінен бұрын педагогтер үшін	/ Біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санат

Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келмейді

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Кезекті/ мерзімінен бұрын педагогтер үшін	Біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санаты	Берілген біліктілік

--	--	--	--	--	--	--

Қолданыстағы біліктілік санатына сәйкес келеді

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Кезекті мерзімінен бұрын педагогтер үшін /	Біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санат

Қолданыстағы біліктілік санатынан төмен санатқа сәйкес келеді

№	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Кезекті мерзімінен бұрын педагогтер үшін /	Біліктілік санаты	Мәлімделген біліктілік санат

Комиссия төрағасы

_____ (қолы)

Комиссия мүшелері

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

_____ (қолы)

Хатшы: _____ (қолы)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
7-қосымша

20 ____ жылғы " ____ " _____
(комиссияның толық атауын көрсету)

Аттестаттау комиссиясы отырысының № ____ хаттамасынан үзінді

Біліктілік санатын беру (растау) кезеңдерінің қорытындысы бойынша
комиссия ШЕШІМІ

_____ аттестатталушы педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді)

_____ біліктілік санаты

Біліктілік санатына сәйкес келеді

Комиссия хатшысы _____
қолы *Т.А.Ә.*
(бар болған жағдайда)

Педагогтерді аттестаттаудан
 өткізу қағидалары мен
 шарттарына
 8-қосымша
 Нысан

**"Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет
 көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі**

"Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі		
1	Қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі, Орта облыстардың, республикалық қалалардың және астана аудандар мен облыстардың білім ұйымдары
2	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Ақпараттандыру және педагогтің үздіксіз қызметіне платформасы (бұдан әрі - платформа)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызмет көрсету жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметтің қойылған құжаттар немесе мемлекеттік дәлелді бас тарту хаттарымен қызметті алушының көрсетіледі
6	ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері	Жеке тұлғаларға тегін
7	Жұмыс кестесі	Жөндеу жұмыстары техникалық үзілістер бойы (қызмет аяқталғаннан Республикасының Еңбек демалыс және мерекелік өтініштерді қабылдау қызмет көрсету нәтижесі жұмыс күні жүзеге асырылады)
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) өтініш; 2) жеке басын куәландыру құжаттары; 3) білім туралы дипломы; 4) қайта даярлау курсының құжат (бар болса); 5) білім беру саласында келісілген білім бойынша біліктіліктің өткені туралы сертификаты

		6) қызметкердің еңбегін бағалайтын құжат; 7) ПББ өткендігі туралы құжат; 8) берілген біліктілікті растайтын және бұйрық (бұйрықтар) және бұйрық (бұйрықтар) адамдар үшін); 9) кәсіби жетістікті растайтын жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар. 10) білім алушының білім деңгейін растайтын құжаттар. 11) Эссе (250–300 сөз). Жеке басын куәландыратын және еңбек қызметінің өткендігі туралы мемлекеттік органдардың жүйелерінен электрондық арқылы алынады. 4), 5), 8), 9), 10), 11) құжаттар Платформадан алынады.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызмет алушы ұсынған құжаттардағы деректердің дәйексіздігі анықталғандықтан; 2) мемлекеттік қызмет алушы ұсынған материалдардың мәліметтердің талаптарға сәйкес келмейтіндігі; 3) "Дербес деректер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алушының мемлекеттік қызметті талап етілетін қолжетпейтін деректерге қол жеткізетін келісімінің болмауы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар	Аттестаттау оқу жылының Аттестаттауға өтініш 1 қыркүйегінен 31 қыркүйегіне қабылданады. Қызмет талдамалық жинақтау қаңтар-тамыз айлары Мемлекеттік қызмет мекенжайлары Мемлекеттік қызмет ресурсында www.edu.gov.kz. Қызмет берушінің Электрондық байланыс орталығы: болған жағдайда портфолио арқылы қашықтықтан Мемлекеттік қызмет мәртебесі туралы ақпарат Мемлекеттік қызмет бойынша көрсетілетін анықтамалық қызмет телефондары Министрлік

		ресурсында www.edu.gov.kz.
--	--	-------------------------------

Педагогтерді а
өткізу қағид
шартта
9-қос

Нысан

Аттестаттау комиссиясының
төрағасы _____

**Педагогті, бөлім басшысын (меңгерушісін), әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерін
аттестаттау рәсіміне қатысуға өтініш**

(Т.А.Ә. (бар болса)

ЖСН _____

Лауазымы, жұмыс орны, электрондық пошта

20 ____ жылы

лауазымы (мамандығы)

атқаратын лауазымына сәйкестігіне/сәйкессіздігіне, біліктілік санатты
беру/ растау аттестаттау рәсіміне қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қазіргі уақытта менің ____ (күні) ____ (айы) ____ жылға дейін
жарамды

____ біліктілік санатым бар.

Білім беру ұйымының атауы _____

Біліктілік санатын беру (растау) тәртібімен таныстым.

" ____ " ____ 20 ____ жыл _____
(қолы)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
10-қосымша
Нысан

қызмет алушының Т.А.Ә.

(бар болған жағдайда)

Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдау туралы хабарлама

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш қабылданды.

Осы хабарлама " ____ " _____ 20 ____ жылы жіберілді.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
11-қосымша

Нысан

қызмет алушының Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

**Аттестаттаудан өтуге өтінішті қабылдаудан
бас тарту туралы хабарлама**

Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) рәсіміне қатысуға өтініш

_____,

атап айтқанда /жоқ немесе сәйкес келмейтін құжаттардың атауын көрсету/:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____ байланысты қабылданбады.

Осы хабарлама " ____ " _____ 20 ____ жылы жіберілді.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
12-қосымша

Нысан

қызмет алушының Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)

**Аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтердің
құжаттарын қабылдау туралы қолхат**

(көрсетілетін қызмет берушінің немесе веб-порталдың атауы)

(мекенжайы)

(көрсетілетін қызмет алушының Т. А. Ә (бар болған жағдайда)
көрсету)

(білім беру ұйымының атауы)

Педагогтерді аттестаттауға қатысу үшін қабылданған құжаттардың
тізбесі:

- 1) _____
 - 2) _____
 - 3) _____
- " ____ " _____ 20 ____ жыл

Алды:

/ қызмет алушының Т. А. Ә, (бар болса)

" ____ " _____ 20 ____ жыл _____ /қолы/

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
13-қосымша

Нысан

қызмет алушының
Т.А.Ә. (бар болса)

Аттестаттаудан өту үшін білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтердің
құжаттарын қабылдаудан бас тарту
туралы қолхат

(көрсетілетін қызмет берушінің немесе веб-порталдың атауы)

(мекенжайы)

аттестаттауға қатысу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартады

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
көрсету)

(білім беру ұйымының атауы)

құжаттардың болмауына / сәйкес келмеуіне байланысты, атап айтқанда:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____.

" ____ " _____ 20 ____ ж.

Алды:

/Көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

" ____ " _____ 20 ____ ж. _____ /қолы/

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
14-қосымша

Портфолионы қабылдау-тапсыру актісі

20 ____ жылғы " ____ " _____

Біз, төменде қол қойғандар, Сараптамалық кеңестің Төрағасы

(тиісті деңгей) (Т. А. Ә. (бар болса) көрсету)

бір жағынан және Комиссия төрағасы _____

(тиісті деңгей) (Т. А. Ә. (бар болса) екінші жағынан, портфолионың
(электрондық/ қағаз форматта) берілгені және қабылданғаны туралы акт
жасадық:

№	Т.А.Ә. (бар болса)	Лауазымы	Біліктілік санаты	
			Берілген	Ма

Тапсырды: _____

Комиссияның төрағасы (қолы) (Т. А. Ә. (бар болса)

Қабылдады: _____

Сараптама комиссиясының төрағасы (қолы) (Т. А. Ә. (бар болса)

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
15-қосымша

Педагогтердің материалдарын (портфолионы) бағалау парағы

№	Критерийлер	Біліктілік санаты
---	-------------	-------------------

		Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
1	Білім беру сапасын қамтамасыз ету				
1.1	Білім сапасы (динамика)/ Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы (тәлімгерлерді ұйымдастырушы педагогтерді, АЭТД ұйымдастырушы педагогтерді, педагог-психологтарды, психологтарды, әлеуметтік педагогтерді, педагог-ассистенттерді қоспағанда)	дәлелдемелердің болуы: нәтижелерді талдау бойынша қорытындылары салыстырмалы кестелер/диагностикалық құралдарға сәйкес (білім беру ұйымының қолымен расталады)			
		тұрақсыз динамика 3 жыл бойы	3 жыл бойы бір деңгейде	1–2% өсу	3 және одан да % өсу
	Түзету компонентін іске асыру қорытындылары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларда дағдылардың қалыптасу динамикасы (ПМПК қоспағанда)	40 %	50 %	60 %	70 %
	балл	1	2	3	4
1.2	Оқыту сапасы (ұйымдастыру, өткізу)	сабақты (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және бағалау парақтарының болуы (білім беру ұйымы басшысы, басшы орынбасарының) әдістемелік кабинет (орталық) әдіскері бағалаған); тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясының (сараптама кеңесінің) мүшесі (кемінде бір рет) (бақылау парағы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен қуәландырылады)			
	Бақылаулар саны (жыл сайын)	5	5	5	5
	балл	61	71	81	91 (102)
2	Жетістіктер	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың келуі (білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен қуәландырылады)			
2.1	Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білім беру	Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала	республикалық (халықаралық)

саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуы <i>Ескерту1:</i> тәлімгерлер ұйымдастырушы педагогтер, АӨТД - ұйымдастырушы педагогтер, педагог-психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер үшін, білім беру ұйымдарының бөлім меңгерушілері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері үшін - бар болса <i>Ескерту2:</i> егер жеңімпаз/жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады			және астана)	
балл	1	2	3	4 (5)

2.2	Уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беруді басқару органының <i>(тиісті деңгейдегі)</i> немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның жоспарына сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысу <i>Ескерту 1: немесе білім беру ұйымы қолданыстағы сертификаты бар біліктілікті арттыру курстарының жаттықтырушысы болып табылады – "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаттары үшін.</i> <i>Ескерту 2: егер жеңімпаз/жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады</i>	білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)
	балл	1	2	3	4 (5)
3	Тәжірибені жинақтау және тарату				
3.1	Авторлық материалдар негізінде тәжірибені тарату ұсынылған	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) <i>(білім беру саласындағы уәкілетті органның, тиісті саланың уәкілетті ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің мөрімен жасалған)</i> іс-шара материалдарына сілтеме			
	Облыстың білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес, тиісті саланың уәкілетті органының білім			облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) <i>(кем дегенде 3 аудан (қаланы) қамту</i>	

	беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігімен				
	республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен				республикалық (кем дегенде 3 облысты) қала
	Балл	-	-	6 (1 үшін 2 ұпай)	9 (1 үшін 3 ұпай)
3.2	Семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарында, біліктілікті арттыру курстарында сөз сөйлеу және т. б.	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), бағалау (көшірмесі) (тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары мен оқу-әдістемелік бірлестігі білім беру ұйымының, білім беруді басқару саласындағы уәкілетті органның мөрімен және басшының қолымен куәландырылған) іс-шара материалдарына сілтеме			
		Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)
	Балл	1	2	3	4 (5)
3.3	Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде баспасөздегі жарияланым	дәлелдемелердің болуы: басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме)			
	<i>Ескертпе: бірлескен авторлық жағдайда көрсеткіш бойынша 2 балл қойылады</i>			Балаларды ерте дамыту институтында, ҚР ҚР ОАМ РҚББОО, Ұлтырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының басылымында	ҚР ҚР ОАМ РҚББОО, ЖБССҚЕК ұсынған басылымда
	Балл	-	-	5	6
3.4	Шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға, жобаларға қатысу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (білім беруді басқару органының мөрімен және басшының қолымен куәландырылған)			
	Балл	1	2	3	4 (5)
3.5	Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар	дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді			
		білім беру ұйымының әдістемелік кеңесімен	ауданның/қаланың бөлімінің әдістемелік кеңесімен	білім басқармасының жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен	білім басқармасының жанындағы әдістемелік кеңесімен, т.б. саланың уәкілетті органының білім беру ұйымы үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестігімен
	Балл	1	2	3	4

4	Біліктілікті арттыру				
4.1	Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстары (жалпы сағат саны)	72	72	80	108 және жоғары
	Мектепке дейінгі, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары үшін, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскерлері үшін (жалпы сағат саны)	36	36	72	80 және одан жоғары
	Балл	1	1	3	4
	барлығы	68	84	113	134 (148)
4.2	тәлімгерлер ұйымдастырушы педагогтер, АӨТД - ұйымдастырушы педагогтер, педагог-психологтар, психологтар, әлеуметтік педагогтер, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін педагогтер, білім беру ұйымдарының бөлім меңгерушілері, білім беру ұйымдарының әдіскерлері-бар болса	67	82	110	130 (144)
4.3	ПМПК педагогтері үшін	66	80	107	126
4.4	сынып жетекшілер мен кураторлар	дәлелдемелердің болуы: нәтижелерді талдау бойынша қорытындылар мониторингі, салыстырмалы кестелер / диагностикалық құралдарға сәйкес			

	үшін	мөрімен және басшының қолымен расталады)			
		3 жыл ішінде	3-8 жыл ішінде	9-15 жыл ішінде	16 жылдан аста
	Ұсыныстар: Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді) Біліктілік санатына сәйкес келеді _____				

" "

20

ж

Қолы

Эксперттің (комиссия мүшесінің) толық аты-жөні

Бөлім меңгерушісінің, білім беру ұйымы әдіскерінің, әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерінің материалдарын (портфолиосын) бағалау парағы

№	Критерийлер	Біліктілік санаты			
		Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
1	Әдістемелік қолдаудың тиімділігі				
1.1	Сабақты (оқуды, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны) бақылау бойынша сындарлы кері байланыс беру	соңғы оқу жылындағы сабақты (оқуды, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тегін бағалау парақтарының болуы (сабақты (оқуды, қызметті, іс – шараны, тегін және кеңес беру іс-әрекеті) бақылау бойынша кері байланыс), (бақылау пар білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)			
	Бақылау парақтарының саны (жыл сайын)	4	5	6	7
	балл	3	3	6	9
2	Жетістіктер	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың, грамотаның, алғыс хаттың көшірмесі (көшірмелері білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен куәландырылады)			
2.1	Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметіне қатысу	білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық
	Балл	1	2	3	4
2.2	Уәкілетті орган бекіткен тізбеге немесе білім беруді басқару органының (тиісті деңгейдегі) немесе білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген тиісті саладағы уәкілетті органның	Білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)

	жоспарына сәйкес кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға қатысу <i>Ескерту1: егер жеңімпаз / жүлдегер болса, санына қарамастан 1 ұпай қосылады</i> <i>Ескерту2: әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлерін қоспағанда</i>				
	Балл	1	2	3	4 (5)
3	Тәжірибені қорытындылау/жалпылау және тарату				
3.1	Авторлық материалдар негізінде тәжірибені тарату ұсынылған	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (<i>білім беру саласындағы уәкілетті органның мөрімен және басшының қолымен</i>) шара материалдарына сілтеме			
	білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен (Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік кеңесімен) ("педагог-шебер")				республикалық (кемінде 3 облыс қамту)
	Облыстың білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен немесе тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік			облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) ((кемінде 3 ауданды (қалаларды) қамту)	

	бірлестігімен ("педагог-зерттеуші")				
	Балл	-	-	6 (1 үшін 2 ұпай)	9 (1 үшін 3 ұпай)
3.2	Семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарда, біліктілікті арттыру курстарында және т.б. сөз сөйлеу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), бағ. көшірмесі) (білім беру ұйымының, білім беруді басқару органының, білім беру органның мөрімен және басшының қолымен куәландырылады) іс-шара матер			
		білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (республикалық маңызы бар қала және астана)	республикалық (халықаралық)
	Балл	1	2	3	4 (5)
3.3	Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі негізінде баспасөздегі жарияланым (3 автордан артық емес) Ескерту: бірлескен авторлық жағдайда көрсеткіш бойынша 2 балл қойылады	дәлелдемелердің болуы: басылымның көшірмесі (басылымға сілтеме)			
				Балаларды ерте дамыту институтында, ҚР ОАМ РҚББОӘО, Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының басылымында	ҚР РҚББОӘО, ЖБССҚЕК ұсынған басылымда
	Балл	-	-	5	6
3.4	Жұмыс/ шығармашылық топтарға немесе сараптамалық кеңестерге немесе конкурстық комиссияларға қатысу	дәлелдемелердің болуы: бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) (тиісінше білім беру органының білім беру ұйымдары үшін білім беру ұйымының, білім беруді басқару органының білім беру саласындағы уәкілетті органның немесе республикалық оқу-әдістемелік және басшының қолымен куәландырылады)			
	Балл	1	2	3	4 (5)
3.5	Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар	дәлелдемелердің болуы: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді			
		білім беру ұйымының әдістемелік кеңесімен	ауданның/ қаланың бөлімінің әдістемелік кеңесімен	білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен, тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық	білім саласындағы уәкілетті с. жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен

				оқу-әдістемелік бірлестігімен	
	Балл	1	2	3	4
4	Біліктілікті арттыру				
4.1	Білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстары (жалпы сағат саны)	дәлелдемелердің болуы: сертификаттың көшірмесі (білім беру ұйымының қолымен қуәландырылады)			
		72	72	80	108 және жоғары
	Ескерту: мектепке дейінгі, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары үшін, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскерлері үшін (жалпы сағат саны)	36	36	72	80 және жоғары
Балл		2	2	3	4
Барлығы		10	15	35	48 (51)
Әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері үшін		9	13	32	44 (46)
Ұсыныстар:					
Мәлімделген біліктілік санатына сәйкес келеді (сәйкес келмейді)					
Біліктілік санатына сәйкес келеді _____					

" ____ " _____ 20 ____ ж _____

Қолы

Сараптамалық кеңестің (комиссия мүшесінің) толық аты-жөні
Портфолионы бағалау парағына түсініктеме

Біліктілік санатын беруге (растауға) аттестаттау кезінде педагог материалдары мәлімделген біліктілік санатына қойылатын талаптарға сәйкес тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді көрсетуі тиіс.

1. "Білім беру сапасын қамтамасыз етудің тиімділігі" өлшемшарттары бойынша балл қою кезінде мыналарды ескеру қажет:

- білім сапасының динамикасы, соңғы 3 жылдағы білім беру бағдарламасын игеру;

- білім беру ұйымы басшысының (орынбасарының, әдіскерінің), педагогінің; әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерінің соңғы оқу жылындағы сабақты (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және кеңес беру рәсімін) бағалау парақтарының болуы: (байқау парағы білім беру ұйымының мөрімен және басшының қолымен расталады) "педагог-модератор" - 5, "педагог-сарапшы" - 5, "педагог-зерттеуші" - 5, "педагог-шебер" - 5;

- "оқыту (өткізу, ұйымдастыру) сапасы" көрсеткіші бойынша орташа арифметикалық мән (кемінде бес бақылау парағы) қойылады.

2. "Жетістіктер" өлшемшарттары бойынша балл қою кезінде мыналарды ескеру қажет:

- конкурстық іс-шаралар білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісіледі;

- көрсеткіштің әрбір бірдей атауы (жұмыс түрі) бойынша ұсынудың ең жоғары деңгейі ескеріледі: мысалы, кезеңдер бойынша олимпиадаға қатысқан жағдайда қатысудың ең жоғары бір деңгейі ескерілетін болады;

- әртүрлі атаулар (жұмыс түрлері) бойынша балдар жинақталады: мысалы, республикалық деңгейде 2 түрлі жоба ұсынылған жағдайда әрбір жоба үшін балл ескерілетін болады;

- әр көрсеткіште кемінде бір жеңімпаз сертификаты болған жағдайда 1 балл қосылады (бірақ жеңімпаздар саны бойынша емес: мысалы, республикалық деңгейде 2 жеңімпаз болған жағдайда бұл деңгейде тек 1 балл қосылады)

3. "Тәжірибені жалпылау және тарату" өлшемшарттары бойынша балл қою кезінде мыналарды ескеру қажет:

- тәжірибені тарату жөніндегі іс-шаралар республикалық оқу-әдістемелік кеңес, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік кеңесі ("педагог-шебер") немесе облыстың білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестік бекіткен материалдар негізінде жүргізіледі;

- көрсеткіштің әрбір бірдей атауы (жұмыс түрі) бойынша ұсынудың ең жоғары деңгейі ескеріледі: мысалы, семинарда сөз сөйлеген жағдайда қатысудың ең жоғары деңгейі ескеріледі немесе сол материал жарияланған жағдайда жарияланымның ең жоғары деңгейі ескеріледі;

- әр түрлі атаулар (жұмыс түрлері) бойынша балдар жинақталады: мысалы, 2 түрлі топқа қатысқан жағдайда бір деңгейде әр жоба үшін балл ескеріледі; - "оқу-әдістемелік материалдар" көрсеткіші бойынша (авторлық бағдарламадан басқа) бірлескен авторлық жағдайда (3 автордан аспайтын)

республикалық оқу-әдістемелік кеңес, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған материалдар үшін 2 балл қойылады 1 балл - Облыстың білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі немесе тиісті саланың уәкілетті органының білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестік, бұл ретте әртүрлі деңгейлерде ұсынылған бір жұмыс үшін балдар қосылмайды;

- "зерттеу қызметі (практиканы зерттеу) негізінде жариялау" көрсеткіші бойынша бірлескен авторлық жағдайда 2 балл қойылады, бұл ретте әртүрлі басылымдарда және әртүрлі деңгейлерде жарияланған бір жұмыс үшін балл қосылмайды;

- "біліктілікті арттыру" көрсеткіші бойынша біліктілікті арттыру курстары шеңберінде сағат санына сәйкес балл қойылады, бұл ретте, егер педагог екі және одан да көп курстарға қатысқан жағдайда сағат саны жинақталады.

Педагогтерді аттестаттаудан
өткізу қағидалары мен
шарттарына
16-қосымша

Орта (арнайы), қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы педагогінің сабағын (оқу сабақтарын, ұйымдастырылған қызметін, іс-шарасын) бақылау парағы

Педагогтің Т.А.Ә. (бар болса)		Бақылаушының Т.А.Ә. (бар болса)	
Лауазымы, біліктілік санаты		Лауазымы	
Пән (ұйымдастырылған қызмет)			
Білім беру ұйымы		Бақылау күні	
Сынып (топ, жеке оқыту)			
Оқыту мақсаттары үлгілік оқу бағдарламасына/ бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандартына/ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің бағдарламасына/ балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің бағдарламасына, балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламасына/техникалық және кәсіптік білім берудің жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес			
